Ж а т т ы ғ у. Прочитайте текст, обратите внимание на выделенные глаголы и выпишите, разделите на основу и аффиксы. Переведите, затем ответьте на вопросы.

МАЛ ӨСІРСЕН, ҚОЙ ӨСІР

Қойдан ет, май, сүт, жүн, тері, елтірі түседі. Ет комбинатында сойылған қойдан қалатын шек, мүйіз, қанынан желім, түйме, малға жұғымды азық жасалады. Сондықтан халық: «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсір», — дейді.

Қой жүні ерекше бағаланады. Ол әрі жылы, әрі жеңіл, иіруге де оңай, мықты да келеді, жүннің бір талы өзіндей сымнан кем соқпайды. Биязы жүннен тоқылған

мата көп киіс береді, қырыстанбайды. Биязы бір килограмм таза жүннен бір костюмдік қымбат мата тоқылады. Қойдан алты килограмм жүн қырқылса, одан үш килограмм таза жүн түседі, яки үш костюм болады.

Қой терісінен қыс киетін киімдер тігіледі. Қырдағылар: «Тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық»,— дейді. Биязы, биязылау жүнді қой терісі аң терісінен айырықсыз құнды да әдемі мех жасалады. Елтірі, әсіресе қаракүл бүкіл жер жүзіндегі өте бағалы мех болып саналады. Ал қойдың еті мен майы тағамның асылы екендігін әркім де біледі. (Мүсілім Ермаков).

СӨЗДІК

азық — корм, продовольствие
айырықсыз — не отличимый
артық — лучше
асыл — высококачественный, благородный, драгоценный
баралы — ценный
биязы — тонкий, изящный, переносное значение вежливый, обходительный
бір тал — одна волосинка
елтірі — мерлушка
желім — клей
жұғымды — питательный
жүн — шерсть
иіруге — прясть
кем соқпайды — не хуже
киіс береді — ноский
көл-көсір — не счесть
қабат — слой, пласт

қан — кровь
құнды — ценный
қырдағылар — селяне
қырқу — стричь
қырыстанбайды — не мнется
мата — ткань
мүйіз — рога
мықты — прочный, сильный
оңай — легкий, легко
өнім — продукция
өсір(у) — развести (вырастить)
сойылған — заколотый
сым — проволочка
тері — шкура
тоқу — ткань
тоқтышақ — ягненок, которому более шести месяцев
торқа — драгоценный шелк

Пословица: «Мал өсірсен, қой өсір, өңімі оның көл-көсір» (Если скот разводить — овец разводи: прибыли от него не счесть).

СҰРАУ — ТАПСЫРМА

1. Қойдан не түседі? 2. Сойылған қой қалдықтарынан қандай азық жасалады? 3. Халық: мал өсірсен не

өсір дейді? 4. Қой жүнінен не жасалады? 6. Елтірі кандай мех болып саналады? 7. Қойдың еті мен майы қандай тағам?

Тапсырма. Из текста запомните активные слова.

Грамматика. *Шартты рай* (условное наклонение) образуется путем прибавления к основе глагола аффиксов **-са, -се** и затем личных окончаний.

Отрицательная форма глаголов в условном наклонении образуется путем прибавления отрицательного аффикса **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе**, затем аффикса **-са, -се** и, наконец, личных окончаний единственного и множественного чисел.

ТАБЛИЦА СПРЯЖЕНИЯ ГЛАГОЛОВ УСЛОВНОГО НАКЛОНЕНИЯ

Лицо Жак	Жекеше единственное число	Көпше множественное число	Жекеше отрицат. форма	Көпше отрицат. форма
I	ұмыт-са-м көр-се-м	ұмыт-са-к көр-се-к	ұмыт-па-са-м көр-ме-се-м	ұмыт-па-са-к көр-ме-се-к
II	ұмыт-са-н ұмыт-са- ңыз	ұмыт-са-ндар ұмыт-са-ңыз- дар	ұмыт-па-са-н ұмыт-па-са-ңыз	ұмыт-па-са- ндар ұмыт-па-са- ңыздар
	көр-се-ң көр-се-ңіз	көр-се-ндер көр-се-ңіздер	көр-ме-се-ң көр-ме-се-ңіз	көрме-се-ндер көрме-се-ңіздер
III	ұмыт-са көр-се	ұмыт-са көр-се	ұмыт-па-са көр-ме-се	ұмыт-па-са көр-ме-се

Тапсырма. Проспрягайте глаголы в условном наклонении, пользуясь данной таблицей: ойла, гүзет (исправь), қысқарт (сократи), алып таста (убери), қос (прибавь), сызып таста (вычеркни), аудар (переводи) и запомните значение их.

Запомните пословицу: «Еңбек етсең, емерсің» (потрудишься, покушаешь), «Азды аясаң, көптен күр қаласың» (Малое пожалеешь — большое потеряешь), «Аз да болса, саз болсын» (Лучше меньше, да лучше).

2. Форма возможности и невозможности.

Жаттыгу. Прочитайте текст, переведите, обратите внимание на выделенные глаголы.

Әжесі: — Мәрзия, ертең мені дәрігерге апарып келе аласың ба? Аяғым ауырады, өздігімнен жүре алмаймын.

Мәрзия: — Әже, ертең апара алмаймын. Қолым тимейді. Жұмысым көп.

Әжесі: — Енді қашан апара аласың?

Мәрзия: — Бүрсігүні апара аламын.

Әжесі: — Жұмыстан қайтарда магазиннен нан, сүт ала кел, ұмытпа.

Мәрзия: — Жарайды, әже!

Грамматика. Глагол **ал** в сочетании с деепричастием (с аффиксами *-а, -е, -й*) образует форму возможности (в положительной форме) и невозможности (в отрицательной форме) совершения действия. Вспомогательный глагол **ал** в данном случае соответствует русскому глаголу **мочь**. Например: Мен аудара аламын (Я могу переводить). Сіз аудара аласыз ба? (Вы можете переводить?). Ол аудара ала ма? (Он может переводить?).

ТАБЛИЦА СПРЯЖЕНИЯ ФОРМЫ ВОЗМОЖНОСТИ И НЕВОЗМОЖНОСТИ СОВЕРШЕНИЯ ДЕЙСТВИЯ

	Форма возможности совершения действия		Форма невозможности совершения действия	
	Жекеше единств. число	Көпше множеств. число	Жекеше единств. число	Көпше множеств. число
I	оқи аламын көмектесе аламын	оқи аламыз көмектесе аламыз	оқи алмаймын көмектесе ал- маймын	оқи алмайсыз көмектесе алмаймыз
II	оқи аласың көмектесе аласың оқи аласың көмектесе аласыз	оқи аласыңдар көмектесе ала- сыңдар оқи аласыздар көмектесе ала- сыздар	оқи алмайсың көмектесе алмайсың оқи алмайсыз көмектесе алмайсыз	оқи алмайсың- дар көмектесе ал- майсыңдар оқи алмайсыз- дар көмектесе алмайсыздар
III	оқи алады көмектесе алады	оқи алады көмектесе ала- ды	оқи алмайды көмектесе алмайды	оқи алмайды көмектесе алмайды

Тапсырма. Переведите предложения, употребляя форму возможности и невозможности совершения действия, пользуясь таблицей.

1. — Ты сможешь написать рецензию на эту книгу?
— Нет, не смогу.
2. — Вы можете сократить эту статью?
— Да, могу.
3. — Вы сможете за два часа прочесть корректуру?
— Смогу.
4. — Ты можешь сегодня написать ответ на это письмо?
— Могу.
5. — Он может сделать макет следующего номера газеты?
— Может.

Новые слова: сократить — қысқарт(у), статья — мақала, следующий — келесі.

Контрольная работа

1. Переведите текст, из текста выпишите имя существительное, прилагательное, числительное, местоимение. В существительных определите падежи и укажите простое или притяжательное склонение, ставьте вопросы.

ҚІТАПТЫ СҮЮ

Персиялық ғалым Уәзір Сахиб — кітапты ерекше сүйген адам. Оның кітапханасында 1170 мыңдай кітап болған. Ол мемлекеттік қайраткер әрі әскери адам болыпты. Өзі жорықтарда жүргенде кітапханасын бірге алып жүреді екен. Кітапты 400 түйеге артыпты, түйелер каталог сияқты алфавит тәртібімен тізіліп жүрген. Кітапханашы адамдар Сахибқа керекті кітапты тауып беретін болған.

СӨЗДІК

алфавит тәртібімен — по алфавиту
арт(у) — навьючить
әскери — военный
бірге алып жүр(у) — брать с собой

жорық — поход
қайраткер — деятель
тауып беретін болған — всегда находили

1. Уәзір Сахиб кім болған? Ол нені жақсы көрген?
2. Кітапты немен алып жүрген?
3. Түйелер қалай тізіліп жүрген?
4. Сахибқа керекті кітапты кім тауып беретін болған?

Образец разбора. **Өз** (возвратное местоимение) — *?* (притяжательное окончание 3-го лица, атау септік); **жорық** — (существительное) — *тар* окончание множественного числа, — *да* окончание жатыс септік (отвечает на вопрос қайда?). **Персиялық** — (имя прилагательное), корень — *Персия*, — *лық* (словообразующий аффикс прилагательного); **400** — (имя числительное количественное).

III. Переведите слова-синонимы: **аман-есен, сау, сәлемет.**

IV. Переведите диалог:

- Есенсіз бе?
- Шүкір.
- Осы ауылдікісіз бе?
- Осы ауылдікімін.
- Газет басқармасы осы ма?
- Осы.
- Ендеше, менің арызым бар, мен оны қалай берсем екен?
- Жазыңыз да, беріңіз.

(Б. Майлин).

Дополнительный материал для разговорной речи

Приглашение	Шақыру
Войдите	Кірініз (дер)
Проходите, пожалуйста	Төрге шығыңыз (дар)
Раздевайтесь	шешінііз (дер)
Садись (садитесь), пожалуйста	Отыр (ыңыз), отырыңыздар
Проходите к столу	төрлет (ініз), төрлетіңіздер
Угощайтесь	Дастарқанға келіңіз (дер)
Не стесняйтесь	Тамақ алыңыз (дар)
	Қысылмаңыз (дар)

Тридцать пятое занятие

Грамматика. Наречие (Үстеу).

Служебные имена (көмекші есімдер).

Тапсырма. Прочитайте жыл мезгілдері (времена года) и запомните активные слова.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Жыл мезгілдері: көктем, жаз, күз, қыс.

Көктемде күн жылынады. Қар ериді. Ағаштар көгерді. Жер көктейді. Жазғытұрым егін егеді. Жылы жаққа ұшып кеткен құстар келеді. Жазда күн ыссы болады. Жұрт көйлекшең жүреді. Жаздыгүні жаңбыр жауады. Балалар да, үлкендер де өзенде, көлде суға шомылады, тауда серуендейді, табиғат тамашасын қызықтайды. Жаздыгүні жеміс піседі.

Күзде күн салқындайды. Жаңбыр жиі жауады. Күздігүні астық, жеміс, көкөніс піседі.

Қыста күн суытады. Қар жауады. Жер беті аппақ болып жатады. Жұрт жылы киімдерін киеді. Бастарына жылы бас киім, аяқтарына етік, үстеріне қысқы пальто киеді.

СҰРАУ-ТАПСЫРМА

1. Жыл мезгілдері қандай? 2. Көктемде күн қандай болады? 3. Жазғытұрым не егеді? 4. Жазда күн қандай болады? 5. Жұрт қалай киініп жүреді? 6. Не жауады? 7. Жаздыгүні не піседі? 8. Күзде күн қандай болады? 9. Күздігүні не піседі?

Тапсырма. Запомните слова синонимы:

1. Көктем, жазғытұрым (весна), қыста, қыстыгүні (зимой), жазда, жаздыгүні (летом), күзде, күздігүні (осенью).

Запомните! Ай — месяц, луна, ертеңгі уақыт — утреннее время, утро, ертеңгі уақытта — утром, кешкі уақыт — вечернее время, кешкі уақытта — вечером, күндіз — днем, жұма, апта — неделя, айында — в месяц, аптасында — в неделю, апта сайын — еженедельно, биыл — в этом году, былтыр — в прошлом году.

Грамматика. Наречие в казахском и русском языках выражает признак действия или качества. В предложении наречие не изменяется, а примыкает к другому слову. Например: Ол **қысқаша** баяндама жасады. Мен **кеш** келдім.

Семантические разряды наречий:

1. Наречия времени (мезгіл үстеу) отвечают на вопросы: *қашан? қашаннан?* Мысалы: **кеше**, **бүгін**, **ертең**, **бұрын** (раньше), **ендігәрі** (в следующий раз), **энеугүні** (тогда), **жуырда** (недавно), **эуелде** (в начале), **ежелден** (с давних пор), **оқтын-оқтын** (временами), **ертеңгісін** (утром).

2. Наречия места (мекен үстеу) отвечают на вопросы *қайда? қайдан?* (откуда?).

Мысалы: **жоғары** (наверху), **төмен** (внизу), **әрі** (туда, дальше), **бері** (сюда), **алда** (впереди), **алға** (вперед), **артта** (позади), **үсте** (наверху), **ілгері** (впереди), **кейін** (после), **тұс-тұстан** (со всех сторон).

3. Наречия образа действия отвечают на вопросы *қалай? (как?), қайтін?, қалайша?* (каким образом?).

Мысалы: **зорға**, **эрең**, **эзер** (еле), **дереу**, **шапшан**, **тез**, **жылдам** (быстро), **дәл**, **түп-тура** (точно, точь в точь), **әншейін** (просто), **эскерше** (по-солдатски), **бірге** (вместе), **тікелей** (непосредственно), **біржолата** (совсем), **қапыда** (врасплох), **бекер** (напрасно), **кезекпен** (по очереди), **бетпе-бет** (лицом к лицу).

4. Наречия цели (мақсат үстеуі) отвечают на вопросы *неліктен? (зачем?)*. Мысалы: **жорта**, **эдейі** (нарочно), **қасақана** (назло).

5. Наречия причины (себеп — салдар үстеуі) отвечают на вопросы *не себептен? (по какой причине?, қалай? (как?))*. Мысалы: **босқа**, **бекерге** (зря), (понапрасну), **амалсыздан**, **лажсыздан** (безвыходно).

Словообразующие аффиксы наречия

1. Аффиксы **-ша**, **-ше** (қазақ+ша, бала+ша, менің+ше, адам+ша, ағылшын+ша (по-английски), неміс+ше (по-немецки) т.б.

2. -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей (осы+лай, сіз+' +дей, қыз+дай, тас+тай (как камень), жаз+дай (все лето), қыс+тай (всю зиму).

3. -дайын, -дейін (жаз+дайын, күз+дейін), қасқыр+дайын (как волк) т. б.

4. -сын, -сін (кешкі+сін, ертеңгі+сін) т. б.

5. -шылап, -шілеп қазақ+шылап (как казахи), орыс+шылап (как русские) т. б.

Ж а т т ы ғ у. Переведите следующие выражения-предложения и напишите в тетрадь.

1. Он плакал как ребенок. 2. Летит как птица. 3. По-моему, он хороший человек. 4. Я сегодня проснулся рано. 5. Холодный как лед. 6. Мы все летом работали в колхозе.

Н о в ы е с л о в а: плакать — жылау, проснуться — ояну, лед — мұз.

Ж а т т ы ғ у. Переведите следующие предложения и напишите в тетрадь, үстеу подчеркните.

1. Жазда жайлауда боламыз. 2. Жайлауда ауа қандай таза. 3. Бұлақтың суы мөп-мөлдір, мұздай суық. 4. Онда қойшыларға апта сайын газет-журнал әкеп тұрады. 5. Кешкісін теледидар қараймыз.

2. Служебные имена.

Грамматика. Служебные имена, сочетаясь с другими предшествующими именами в *ілік септік* (оформленном или неоформленном), образуют как бы сложные слова, имеющие пространственное значение. В этом сочетании служебные имена употребляются только в притяжательной форме 3-го лица и принимают падежные окончания. По смыслу они иногда соответствуют русским предлогам: *үсті* — над, верхняя часть, *асты* — под, низ, *алды* — перед, передняя часть, *арты* — за, задняя часть, *басында* — на, *жаны, қасы* — возле, около, боковая часть, *іші* — в, внутри, *арасы* — между, *сырты* — вне, наружная часть, *ортасында* — в середине т. б.

Ж а т т ы ғ у. Прочитайте, переведите, обратите внимание на служебные имена:

1. Ауланың іші таза.
2. Үй артында ағаш өсіп тұр.
3. Балалар есік алдында ойнап жүр.
4. Қасықтар шкафтың ішінде тұр.

Ж а т т ы ғ у. Вместо многоточия вставьте нужные служебные имена.

Служебные имена: *аст, алд, жан, ара, іш, қас, үст, орта, бас.*

1. Құралай үйдің ...ін үнсіз жинастырып жүр. Жып-жинақы кең бөлменің ...сындағы столдың ...ында Мағжан кітап оқып отыр. (М. Мағауин).
2. Мен үйде отыра алмаймын, көктемнен күзге дейін күріш ...ында боламын.
3. Кітаптар столдың ...інде жатыр.
4. Автобус магазин ...ына келіп тоқтады.
5. Ленин проспектісіндегі тоғыз қабат үйдің ...ында шаштараз бар.

Новые слова: бұлақ — родник, мөл-мөлдiр — прозрачный, күріш — рис.

Контрольная работа

1. Переведите текст, найдите и выпишите существительные и определите падежи.

МЕТАЛЛ

Біздің еліміз металға бай. Металдан неше түрлі заттар істеледі. Металдан жасалған қасықпен және шанышқымен тамақ ішеміз. Металдан жасалған пышақпен нан, ет кесеміз. Металдан жасалған қаламұшпен жазамыз. Бұл заттарды сатып алғанда, металдан жасалған ақша төлейміз.

Міне, стол үстінде тұрған шайнек алюминийден істелген. Стақанның ішіндегі шай қасық та алюминийден істелген. Жазу столында қол сағат жатыр. Оның қабы алтыннан істелген. Қабырғада шегеде сурет ілулі тұр. Шеге темірден жасалған. Есік пен терезелердің тұтқалары да темірден жасалған. Терезенің жақтауында термометр ілулі тұр. Термометрдің ішінде сынап бар. Сынап — ол да металл.

Металл еліміздің шаруашылығы үшін өте қажетті. Фабрикалар мен заводтар үшін металдан түрлі машиналар, станоктар жасайды. Қолхоздар мен совхоздар үшін тракторлар, комбайндар, плугтар жасайды.

Кемелер, паровоздар, автомобильдер, темір жолдар — барлығы металдан жасалған.

Қазақстанда темір, болат, мыс, алюминий, қорғасын, күміс, алтын, тағы басқа неше түрлі металдар көп.

СӨЗДІК

заттар — вещи, предметы

кесу — резать

қабы — корпус, коробка

тұтқа — ручка (двери)

сынап — ртуть

шеге — гвоздь

жақтау — косяк (оконный)

ілулі тұр — висит

II. Составьте предложения со следующими синонимами. сұлу, көркем, әдемі, қарт, кәрі, шал.

III. Переведите предложения:

1. Я не могу согласиться с Вами.

2. Ты хочешь кушать?

3. Он не может выступить на собрании.

4. Они хотят сегодня поехать в горы.

Дополнительный материал для разговорной речи

— Говорите ли Вы...

— По-казахски

— По-русски

— По-английски

— По-узбекски

— По-китайски

— Да, я говорю...

— Хорошо

— Немного

— Плохо

— Нет, я не могу говорить

— Извините, Вы говорите слишком быстро

— Повторите, пожалуйста

— Говорите немного медленнее

— Вы меня понимаете?

— Понимаю

— Сіз (сөйлей аласыз ба?)

— Қазақша

— Орысша

— Ағылшынша

— Өзбекше

— Қытайша сөйлей аласыз ба?

— Иә, мен...

— Жақсы

— Аздап

— Нашар сөйлеймін

— Жөк, мен сөйлей алмаймын

— Кешіріңіз, Сіз тым жылдам айтып тұрсыз

— Қайталап жіберіңізші

— Сәл баяу айтыңызшы

— Сіз мені түсінесіз бе?

— Түсінем

— Не понимаю
— Пожалуйста, переведи-
те это на русский язык

— Түсінбеймін
— Мына сөзді орысша
аударып беріңізші.

Тридцать шестое занятие

Грамматика. Послелог

Ж а т т ы ғ у. Прочитайте следующие предложения и определите, в каком падеже стоят выделенные слова в сочетании с послелогами.

1. Біз жыл сайын Көкшетауға демалуға барамыз.
2. Сіз туралы жұрттың пікірі жаман емес. 3. Омскіге **Қарағанды арқылы** ұшуға билет алдық.

4. **Үйге дейін** шығарып салыңыз. 5. — Балам, маған **көкбазарға дейін** апаратын автобустың аялдамасын көрсетіп жіберші.

— Келесі көшеден **оңға қарай** бұрылыңыз, сол жақта аялдама көрініп тұрады. 6. «Арасан—Қапал» курорты **Қапалдан әрі**. 7. **Былырдан бері** Талдықорғанға барған жоқпын. 8. **Үзілістен кейін** келерсің.

Грамматика. В казахском языке имеются неизменяемые слова, которые выражают отношения между предметами и управляют каким-либо падежом именных частей речи.

Послелог всегда стоит после управляемого слова.

Послелоги — **сайын** (по мере того, что...), **үшін** (ради, для) употребляются с неопределенным падежом, обозначая цель, причину. **Үшін** сочетается с существительным (**мен үшін** — ради меня, **не үшін** — ради чего, для чего), с глаголами (**бару үшін, айту үшін** — чтобы пойти, чтобы сказать), **мысал үшін** (для примера).

Послелоги **шейін, дейін** (до), **таман, қарай, қарата, қарағанда** (поближе, к, по, смотря), **қарсы** (против) употребляются с дательном-направительным падежом (**барыс септік**). **Кешке дейін** (до вечера), **қысқа қарай** (к зиме), **ауылға таман** (поближе к аулу).

Послелоги: **басқа, өзге** (кроме), **көрі-гөрі** (чем), **бе-рі** (сюда), **әрі** (дальше), **кейін, соң** (после) употребля-

ютя с исходным падежом (шығыс септік): бұдан басқа (кроме того), одан гөрі (чем-то), түстен кейін (после обеда).

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите и найдите послелого. Ответьте на вопросы письменно.

ӘЛ-ФАРАБИ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Әбу Насыр әл-Фараби — орта ғасырда өмір сүрген данышпан бабаларымыздың бірі. Ол өз заманында өнер-білім үйрену мақсатымен Ирак, Сирия, Мысыр өлкелеріне барған, бұл елдердегі ғұламалардан тәлім алған. Өмірінің ақырына дейін Шам Шаһарында тұрып, асқан данышпандық ғылыми ойларын қорытындылаған.

Әл-Фараби философия, медицина, математика, музыка салаларында жан-жақты ғылыми талдаулар жасаған. XIII ғасырдағы ғалымдар әл-Фарабидің 112 шығармасының атын атайды. Соңғы жылдары әл-Фараби творчествосын зерттеп, жүрген ғалымдардың есебі бойынша оның 160-тан астам кітап жазғаны мәлім болып отыр.

Әл-Фараби шығармаларының біздің заманымызға жеткені қырық шамалы. Бұл туындылар әлемдегі әр түрлі елдің үлкен кітапханаларында сақталған және талай тілдерге аударылған. Осы бір асқан ғұлама данышпан адам туралы аңыз да көп.

СӨЗДІК

Ақыры — конец
аңыз — легенда
асқан ғұлама — выдающийся ученый
бабаларымыз — наши предки
ғұлама — ученый
жан-жақты — всесторонний
заман — эпоха, эра, время, времена

зертте(у) — исследовать
қорытындыла(у) — подытоживать
мәлім — известный
сақтал(у) — храниться
салаларында — в области
талда(у) — анализировать
туынды — произведение

Сұрау-тапсырма.

Әбу Насыр әл-Фараби қай ғасырда өмір сүрген?
2. Ол кім болған? 3. Әл-Фараби өнер-білім үйрену үшін

қай өлкелерге барған? 4. Өмірінің ақырына дейін қай шаһарда тұрған? 5. Ол қандай ғылымдарға талдаулар жасаған? 6. XIII ғасырдағы ғалымдар оның неше шығармасының атын атайды? 7. Әл-Фараби қанша кітап жазған? 8. Әл-Фараби шығармасынан біздің заманымызға қаншасы жеткен? 9. Оның шығармалары қайда сақталған? 10. Бұл асқан ғұлама данышпан туралы не көп?

2. Частицы тоже относятся к служебным словам, самостоятельно не употребляются. В речи служат для выражения различных смысловых оттенков отдельного слова.

Мысалы: 1) Жиналыста мен де шығып сөйледім (... и я ...). 2. Сені көрмегелі көп болды ғой (...ведь...). 3) Шіркін, Сарыарқада талай тамаша жерлер бар-ау! (...есть же...). 4. Шахматтан кеше бір-ақ рет ұтылдым (...лишь...). 5. Тәкен айтыпты-мыс деп қауесет таратқан (...будто ... распространили слухи).

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите, найдите частицы и определите их смысловые оттенки.

1. — Сен, сірә, балықшысың ғой деймін? — деп сұрадым.

— Балық сорпасын ішкім келгенде ғана қармақ салатыным болады.

— Аң аулаймысың?

— Қалай, күрекпен жүріп неғылған аң аулау?

— Меніңше, кенші боларсың-ау, — дедім жобамен.

— Жоқ, әлі де таба алмадың.

— Іздегенің немене?

Ол күліп:

— Сен тұра тұр. Бәрін бірден айта салмас болар. Әр нәрсені сұрағыш екенсің, кімнің баласысың өзін, — деді. Мен жөнімді айттым. Ол тағы сұрай бастады.

— Хат танымсың?

— Мектепті мақтау қағазымен бітірдік қой.

(П. Бажов).

Новые слова: аң аула(у) — охотиться
жобамен — приблизительно
сұрағыш екенсің — любопытный
ізде(у) — искать

мақтау қағаз — грамота
хат танимысың? — умеешь чи-
тать? (грамотный?)

Контрольная работа

I. Переведите следующие тексты. Определите причастия и частицы.

Түн. Аспан — бұлт. Жұлдыздар көрінбейді. Әлдеқайда поезд айқайлайды. Поезд жақындады. Станцияның басы олай-бұлай жүгірген адамдарға толған. Поезд келіп тоқтады. Поездан адамдар түсе бастады. Айқайлар, дауыстар естіле бастады. Электр жарығында поездан бір қыз түсті. Басында бір жақ құлағына қисайта киген қызыл берет. Жүктерін жерге қойып тұрды. Қайтадан электр шамының астына келді. Енді бетін анық көруге болады. Бұл — бізге таныс жүз. Бұл — Лиза Вознесенская.

(Е. Ерубасев).

II. — Есенсіз бе!

— Шүкір. Өзіңіз де қуатты барсыз ба!

— Отырыңыз.

— Дүйсекең ауылда ма?

— Егіншілерге кеткен. Бірер күнсіз орала қоймас.

— Марияш ше?

— Ой, ол көбелек осындағы әнші-күйші қыздарды жинап, сиыр фермасындағыларға концерт қойғалы кетті.

(С. А.).

III. Сэт. О кім?

Назым. Әлгі менің көршім — Ербол.

Сэт. Ә, Ербол ма? О не қып жүр?

Ескендір. Осында терезеден кеп, әдемі ән салды.

Тәкене. Япырай, ән салатын қауқары әлі бар екен-ау?!

(М. Ә.).

IV. Переведите следующие предложения:

1. Я не могу согласиться с Вами (с тобой).

2. Я не могу долго ходить, ноги болят.

3. Он не может ответить на этот вопрос.

4. Мы не можем выполнить вашу просьбу.

Новые слова: просьба — тілек, долго — ұзақ.

Дополнительный материал для разговорной речи

Извини (те), прости (те)
меня, пожалуйста,
за мое опоздание...
за то, что не смог прийти...
за то, что я прервал вас...

за то, что не смог Вас
подождать
за то, что не смог
Вас проводить

Я должен перед вами
извиниться
не сердись (не сердитесь)
не обижайся (не обижай-
тесь)

Прошу прощения, я не
расслышал, как вас зовут,
повторите, пожалуйста.

Я виноват перед Вами
(тобой)

И должен попросить у Вас
(у тебя) прощения.

Кешір (-ініз), ғафу ет (ініз)
кешіккеніме...

келе алмағаныма...
сөзіңізді (сөзінді) бөлге-
німе...

сізді (сені) тоса алмаға-
ныма...

сізді (сені) шығарып сала
алмағаныма кешіріңіз
(кешір).

Сіздің алдыңызда
кешірім сұрауым керек
ашуланба (ңыз)

ренжіме (-ңіз), өкпелеме
(-ңіз)

Ғафу етіңіз, есіміңізді қағыс
естідім, қайталап
жіберіңізші.

Сіздің алдыңызда (сенің
алдыңда) мен кінәлымын.

Сізден (сенен) кешірім
сұрауым керек.

Тридцать седьмое занятие

1. Виды предложений по цели высказывания.
2. Лексика. Устойчивые словосочетания (тұрақты тіркес-фразеологизм).

1. Повествовательное предложение (хабарлы сөйлем).

Повествовательные предложения как в казахском, так и в русском языках выражают сообщение говорящего о явлениях и предметах окружающей действительности.

В обоих языках повествовательные предложения могут быть простыми и сложными, утвердительными и отрицательными.

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите и ответьте на вопросы.

ГЕТЕ СӨЗДІГІ

Әлемдік әдебиеттің алыбы Иоганн Вольфганг Гете кейінгі ұрпағына ұланғайыр мұра қалдырған. Ол мұра—143 томдық шығармасы 1887—1919 жылдары Веймарда толық басылып, жарық көрген еді. Осымен байланысты бертінде ғалымдар, тарихшылар, әдебиетшілер Гете тілінің бір тұтас сөздігін құрастырып шығаруды мақсат еткен-ді. Бұл жолда олар көптеген қиындықтарға кездесіп, мақсаттың орындалуы кешеуілдей берді.

Гете сөздігін жасау 1946 жылдан соң ғана түпкілікті қолға алынды. Әдебиетшілер, тіл білімінің мамандары Берлинде арнайы топ ұйымдастырып, табанды жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде Гете тілі сөздігінің бірінші томы баспадан шығып, бүкіл дүние жүзіне тарады. Қалған 79 томы 2000-ншы жылға дейін жарық көрмек.

СӨЗДІК

алып — гигант
әлемдік — мировой
бертінде — позднее
жарық көр(у) — увидеть свет
кешеуілдей бер(у) — задерживаться
құрастыр(у) — составить
мақсат ет(у) — ставить целью

мұра — наследство
ұланғайыр — огромный
ұрпақ — поколение
табанды — упорно, упорный
тұтас — целый
түпкілікті — окончательно

Сұрау-тапсырма.

1. Гете кейінгі ұрпағына не қалдырды?
2. Гете сөздігін кімдер жасады?
3. Гете сөздігі қайда тарады?
4. Сөздік неше том?

Вопросительное предложение (сұраулы сөйлем)

Повторите пятнадцатое занятие.

Побудительное предложение (бұйрықты сөйлем)

Как в русском, так и в казахском языках побудительные предложения выражают различные оттенки волеизъ-

явления — от категорического приказа до просьбы и увещания¹.

Побудительные предложения в казахском языке передаются глаголом повелительного наклонения второго лица единственного или множественного числа. **Тында, дала, Жамбылды!** (Слушай, степь, Джамбула!) **Жолдастар, социалистік жарысты өрістете берейік!** (Товарищи, развернем социалистическое соревнование!). **Жұмаш, бері кел!** (Джумаш, иди сюда!)

В казахском языке, кроме 2-го лица, повелительное наклонение имеет и форму 3-го лица, которое выражает желание, приказание, требование, призыв и т. д. **Сен айт, ол мені КҮТСІН.** (Ты скажи, пусть он меня подождет). **Сәрсен, апанды ШАҚЫРШЫ!** (Сарсен, позови-ка маму!)

Восклицательное предложение (лепті сөйлем).

Восклицательное предложение эмоционально насыщено, произносится с особой интонацией.

Восклицательные предложения и в русском, и в казахском языках выражают удивление, иронию, презрение, недоумение, сомнение, страх, гнев, жалость, нежность, восхищение, возмущение и т. д.

Восклицательные предложения произносятся высоким тоном. Помимо этого, в восклицательных предложениях применяются и другие средства (междометия, эмоционально окрашенные слова, усилительные частицы). **Ол қандай ізгі, қандай әділ, көреген, қандай кемеңгер АДАМ!** (Какой он благородный, какой справедливый, дальновидный, какой мудрый человек!) **Шіркін, Ақмоншак! Көркі ғой біздің ауылдың!** (Прелесть эта Ақмоншак! Она краса нашего аула!) **ЖАСАСЫН сүйікті Отанымыз!**—Да здравствует наша любимая Родина! **Балалар, КЕЛІНДЕР мында.**—Ребята, идите сюда. Обратите внимание на место расположения выделенных сказуемых последних двух предложений.

Запомните! Сказуемое в побудительном и восклицательном предложениях нередко стоит перед подлежащим. Такое изменение обычного порядка слов в предложении называется инверсией.

¹ Е. М. Галкина-Федорук и др. Современный русский язык. Синтаксис, 1960, стр. 376.

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите и обратьте внимание на место расположения подлежащего и сказуемого в повествовательных, вопросительных, восклицательных предложениях (на инверсию), ответьте на вопросы.

АЛТАЙ ОРМАНЫ

Алтай жерінің асты қандай қазыналы болса, үсті де сондай бай ғой. Мұның сынсыған орманының өзі бір байлық емес пе жатқан! Оны нағыз Тайганың өзімен ғана теңестіруге болады. Алтай орманын аралап көргендеріңіз бар ма сіздердің? О, ғажап қой оның іші! Балуан пішінді кедр ағашын көріп пе едіңіздер? Жел қозғағанда, оның жасыл ине жапырақтарының ғажап күйге ұқсайтын сыбыр-сыбырын естіп пе еді құлақтарыңыз? Кедрді көрмесеніздер, оның үнін естімесеніздер, онда Алтай орманын аралаңыздар. Көкке тіреу болған күміс дінгекті көріп пе едіңіз? Көрмесеніздер, Алтайдың күміс қабық қарағайына қараңыздар сүйсініп!

...Ең алдымен орман ішінің ауасын айтсаңызшы! Оған жақындай бергенде-ақ шөптің, шайырдың, жапырақтың, топырақтың, ағаштың, гүлдің бір сөзбен айтқанда, — бүкіл табиғаттың хош иісі мұрныңды жарады. Неше түрлі нәрлі жемістің қосындысынан жасалған керемет сусын іспеттес ауаны кеуде кере қайта-қайта жұтумен боласыз.

(Ә. Нұршайықов)

СӨЗДІК

Арала(у)—ходить среди чего-нибудь

балуан — богатырь
бір сөзбен айтқанда — одним словом

ғажап — чудесный, чудесно

дінгек — ствол

ең алдымен — с самого начала

ине жапырақтары—игольчатые листья

жақындай бергенде-ақ — как только подходишь

жұт(у)—вдыхать, дышать

керемет — великолепный, великолепно

кеуде — грудь

күй — кюй

қабық — кора

қазына — богатство

қарағай — сосна

қозғау — шевелить

қосынды — примесь

құлақ — ухо

мұрын жарады — бьет в нос

нағыз — настоящий
нәрлі — питательный
неше түрлі — разный
пішінді — стройный, по-
хожий
сусын іспеттес — как на-
питок

сыбдыр — шелест
сыңсыған — густой (о ле-
се, траве)
ұқсайтын — похожий
хош иіс — ароматный за-
пах
шайыр — смола

С ұ р а у - т а п с ы р м а.

1. Алтайдың жері қандай?
2. Оның орманын немен теңестіруге болады?
3. Орман ішінің ауасы қандай?

Устойчивые словосочетания или устойчивые словесные комплексы (фразеологизмы)

В любом языке имеются устойчивые словесные комплексы, их называют фразеологизмом.

Фразеологизм семантически неделим. Слова, входящие в его состав полностью или частично, теряют свое лексическое значение, их называют уже не словами, а компонентами.

Казахский язык богат экспрессивно-эмоционально окрашенными устойчивыми словесными комплексами, т. е. фразеологизмами.

Мысалы: **айдап сал(у)** — подстрекать; **айды аспанға бір шығар(у)** — перевернуть весь мир; **айна қатесі жоқ** — точь в точь; **айтқаны айдай кел(у)** — как в воду глядел; **айтуға аузым бармайды** — слова не идут с языка; **айтулы көкжал** — первой руки; **айырмасы жер мен көктей** — как небо и земля; **ақылға сыйма(у)** — не укладывается в голове; **ала аяқ** — пройдоха; **аузы қышу** — язык чешется; **байбалам сал(у)** — бить тревогу; **бас айналды** — голова кружится, голова закружилась; **бір сөзбен тұр(у)** — стоять на своем (на одном); **бір тарының қауызына сыйғыз(у)** — гнуть в бараний рог; **екі құлағы езуінде** — рот до ушей; **екі көзі шарасынан шықты** — глаза на лоб лезут; **жүрек жалға(у)** — червячка заморить; **ит арқасы қиянда** — на краю света; **он қолынан өнері тамған** — мастер на все руки и др.

Т а п с ы р м а. Выучите эти фразеологизмы.

Тапсырма. Повторите притяжательные окончания. Переведите письменно следующие словосочетания: страница книги; сын соседа; яблоневый сад; городской транспорт; поверхность земли; ручка моя; вершина горы; ветка дерева; листья дерева; колхозный скот; посевные поля; речь ученого; город Ленинград; Кустанайская область; Жетыгаринский район; Чиликский табаксовхоз; овцеводческий совхоз и т. д.

Новые слова: поверхность — беті; поле — дала; речь — сөз; табак — темекі.

Тридцать восьмое занятие

Грамматика. Главные члены предложения.

Подлежащее (бастауыш).

Сказуемое (баяндауыш).

Второстепенные члены предложения.

Дополнение (толықтауыш). Определение (анықтауыш). Обстоятельства (пысықтауыш).

Жаттығу. Обратите внимание на слова, отвечающие на вопросы **кім? не? кімдер? нелер?**

не? не істелді? кім? не істеді? кімдер?

1. Қоңырау **СОҒЫЛДЫ**. Мұғалім класқа **КІРДІ**. Біз

орнымыздан тұрып **АМАНДАСТЫҚ**. Сабақ **БАСТАЛДЫ**.

кімдер? не істеп жүр?

2. Балалар **ОЙНАП ЖҮР**.

Грамматика. Как в русском, так и в казахском языках предложение состоит из главных и второстепенных членов предложения (тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер).

Главными членами предложения являются подлежащее и сказуемое.

Подлежащее (бастауыш) — это главный член предложения, который связан со сказуемым и отвечает на

вопросы *атау септік* (именительного падежа). Вопросы *атау септік кім? не? кімдер? нелер?*

1) Подлежащее выражается именем существительным или местоимением в *атау септік*.

2) Подлежащее может выражаться также прилагательным, причастием, числительным и другими частями речи, если они употребляются в значении существительного и отвечают на вопросы *атау септік* Мысалы: 1. **Үлкендер** залда отыр. (Подлежащее выражено прилагательным). 2. **Шешінген** судан тайынбайды. (Подлежащее выражено причастием). 3. **Құрыш кую** — үлкен өнер. (Подлежащее выражено неопределенной формой глагола). 4. **Бірі** — Есенов, **екіншісі** — Давыдов. (Подлежащее выражено числительным) и др.

Тапсырма. Из текста 37-го занятия «Гете сөздігі» найдите подлежащее и определите, какими частями речи выражены, поставьте вопросы.

Сказуемое (баяндауыш) — это главный член предложения, который обычно связан с подлежащим и отвечает на вопросы *не істеді? не істемек? қайтті? қайтеді? не істепті? кім? не? (что делает предмет? что с ним происходит? каков он? что это такое? кто он такой?)* и др.

Простое глагольное сказуемое

Сказуемое, выраженное одним глаголом в форме какого-либо склонения, называется простым глагольным сказуемым.

Примеры, данные выше, прочитайте и разберите. Одной чертой подчеркнуты подлежащие, а двумя — сказуемые.

Повторите 13-ое и 14-ое занятие о согласовании сказуемого с подлежащим и какой частью речи оно может быть выражено.

Составные сказуемые

Составные сказуемые могут быть глагольными и именными. Мысалы: 1. **Ол маған ҰНАП ҚАЛДЫ.** 2. **Дәмет ОЯНЫП КЕТТІ.** 3. **Әбіш бұл ауылды БІЛМЕУШІ ЕДІ.** 4. **Бәріңді де САҒЫНЫП ҚАЛЫППЫН.** 5. **Үй иесі, шахтер, сменаға БАРАЙЫН ДЕП ЖАТЫР ЕКЕН.** 6. **Жақсы АЙ МЕН КҮНДЕЙ, ӘЛЕМГЕ БІРДЕЙ.** 7. **Ел намысы — ЕР НАМЫСЫ.** 8. **Жартыны бөліп жеген — ТАТУЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ** и др.

Тапсырма. Из текста «Москва—Кремль» (12-ое занятие) выпишите составные именные сказуемые.

Тапсырма. Из текста «Леонардо да Винчи энші» выпишите составные глагольные сказуемые.

II. Второстепенные члены предложения

1) Дополнение (толықтауыш). Дополнение бывает прямое (тура) и косвенное (жанама).

Прямые дополнения относятся к переходным глаголам и обозначают предмет, на который направлено действие.

Прямой объект выражается аффиксальной и нулевой формой табыс септік (винительный падеж). Мысалы: **Кітап** (мақала, газет, өлең) оқыды. (нені?). **Үлкенді** сыйлайды (кімді?). **Жақсыны** мақта нұры тассын (кімді?). **Адамды** қадірле (кімді?). **Ананы** тында (кімді?).

Тапсырма. Повторите табыс септік (Восемнадцатое занятие) и текст «Жиналыс».

Тапсырма. Переведите следующие предложения.

1. Купи мясо, масло, казы, творог, хлеб. 2. Свари бешбармак. 3. Пей кумыс. 4. Поставьте чай. Пишите письмо. 5. Оденьте новое платье, новые туфли. 6. Вас папа зовет. 7. Дай мне свою тетрадь. Повесь свое пальто.

Косвенные дополнения выражаются косвенными падежами (барыс, шығыс, жатыс, көмектес септіктер).

Тапсырма. Повторите жатыс, барыс, шығыс, көмектес септіктер (16-ое, 17-ое, 19-ое, 20-ое занятия).

Контрольная работа

I. Прочитайте текст, переведите.

II. Выпишите в один столбик существительные простого склонения, а в другой столбик существительные притяжательного склонения и определите падежи.

III. Выпишите глаголы переходно-настоящего времени.

IV. Выпишите местоимения и определите их разряды.

КЕҢ БАЙТАҚ ТУҒАН ЕЛІМ

Самолет солтүстік шығысқа қарай самғап келеді. Төбеде күн жарқырап тұр. Аспан көкпенбек. Төменде те-

легей-теңіз ақ бұлттар көрінеді. Біресе олар сонау мұз мұхитындағы арасында балпаң басып ақ аю жүретін мұз тауларға ұқсайды. Біресе күзде Шымкенттің мая-мая етіп үйіп қойған ақ матасы сияқтанып кетеді. Кейде ақ бұлттар республикамыздың кең-байтақ даласында жайылып жатқан еті балдай, жүні жібектей отар-отар қойларды еске түсіреді.

Ақ лайнер ақ бұлттарды түйдек-түйдегімен артқа лақтырып, зулап келеді. Кейін қалған ақ бұлттар тұлпардың тұяғынан ұшқан шаңға ұқсайды. Самолетпен бірге жолаушылардың көңілі қоса самғайды. Ал, жерде, самолет қанатының астында, онымен, оның жолаушыларымен жарыса, олардың ойынан оза дүниедегі ең жүйріктің өзі — өмір самғап келеді.

Шіркін, сапар шегу қандай жақсы! Сапар — өмірдің баспалдағы. Ол сені самолетке кіргізер биік сәті тәріздес. Сапар шексең ғана, өмірдің қанатына самғайсың. Мынау ақ бұлттардың арасын кезіп келе жатқанымыздай, неше түрлі адамдармен танысып, олардың жүрегінен сыр тартасың, кен ақтарасың. Адам жүрегінен алынған асыл тау қойнауынан қопарылған қазынадан кем емес. Екеуі де — ел игілігі. Ендеше сол игілік үшін қызмет етуден қымбат не бар? Ештеңе жоқ!

(Ә. Нұршайықов)

СӨЗДІК

асыл — драгоценный
балпаң бас(у) — важно шагать
баспалдақ — ступенька
еске түсір(у) — напоминать
жайылып жат(у) — пастись
жолаушы — пассажир
жүйрік — быстрый
жібектей — как шелк
игілік — добрый, полезный
кең байтақ — широкая, просторная

көңіл(і) — его настроение
қойнау — недра
мая — стог, скирда
самға(у) — парить
сапар шег(у) — путешествовать
саты — лестница
сыр тарт(у) — узнать тайну
тәріздес — подобный, похожий, как будто
телегей теңіз — необъятное пространство моря
тұяқ — копыта
ұқса(у) — быть похожим

Дополнительный материал для разговорной речи

Мне все это не нравится	Осының бәрі маған ұнамайды
Какой стыд (позор)!	Қандай ұят (масқара)!
Как Вам (тебе) не стыдно!	Сізге (саған) ұят емес пе?
Какая глупость!	Не деген жөнсіздік!
Это неправда (ложь)!	Мұныңыз (мұның) шындық емес (өтірік, жалған)!
Это просто чепуха!	Әншейін бос сөз!
Это просто абсурд!	Әншейін сандырақ!
Это просто возмутительно!	Мұныңыз (мұның) тым ерсі!
Безобразие!	Бассыздық!
Это никуда не годится!	Бұлай етуге болмайды!
В чем дело?	Не болды? (не боп қалды?)
Ничего особенного не случилось!	Ештеме бүлінген жоқ!
Почему люди возмущены?	Жұрт неге ызалы?
Всем угодить трудно.	Жұрттың бәріне жағу қиын.
Вы правильно поймите меня.	Сіз (дер) мені дұрыс түсініңіз (дер).

Тридцать девятое занятие

Грамматика. Сложное предложение (құрмалас сөйлем)
Сложносочиненные предложения (салалас құрмалас сөйлем)

В казахском и русском языках предложения по своей структуре бывают простые и сложные.

Простым называется предложение, выражающее законченную мысль и содержащее подлежащее и сказуемое.

Сложным называется предложение, состоящее из двух или нескольких простых предложений, объединенных по смыслу и составляющих единое целое.

По характеру связи и по способам выражения отношений между составляющими их частями сложные предложения и в казахском, и в русском языках подразделя-

ются на две большие группы: на сложносочиненные (салалас құрмалас) и сложноподчиненные предложения (сабақтас құрмалас).

Ж а т т ы ғ у. Переведите текст, найдите в нем сложносочиненные предложения и выпишите их. Определите связь сложносочиненных предложений.

Текст.

Көкем совхоздың түйелерін бағады, әжем түйе сауады, түйе сүтінен шұбат ашытады. Ол шұбатты жақсы ашытады. Біз мұнай барлаушылармен көрші қондық. Далада аңызак соғып тұрады, ыстықтан жұмысшылар шөлдейді, жұмыстан шаршап қайтады. Көкем жұмысшыларды шақырып келеді, әжем оларға сусынға шұбат ұсынады. Олар әжемнің шұбатын сүйсіне ішеді, ішкен сайын мақтайды, әжеме рақмет айтады. Әжем оларға шөлдегенде келіп тұруын өтінеді, ал олар бізге ылғи келіп шұбат ішетін болды.

СӨЗДІК

аңызак — суховея
көке — отец
келіп тұруын — чтоб приходили
көрші қон(у) — расположиться по соседству
мұнай барлаушылар — геолого-разведчики
сау(у) — доить

соғып тұр(у) — дуть
сусын — напиток
сүйсіне іш(у) — пить с удовольствием
шақыр(у) — приглашать, звать
шарша(у) — устать
шөлде(у) — хотеть пить
ылғи — часто

Грамматика. Сложносочиненным называется такое предложение, которое состоит из независимых одно от другого предложений, образующих в смысловом отношении единое целое.

По способу связи сложносочиненные предложения делятся на бессоюзные и союзные.

В сложносочиненных бессоюзных предложениях составление предложений осуществляется: а) с помощью интонации. Мысалы: Қар жауды, күн суытты. Қонырау соғылды, мұғалім класқа кірді, сабақ басталды.

б) с помощью сочинительных союзов: және, да, де, та, те — и бірақ — но; алайда — однако; дегенмен, сонда да, әйтсе де — все ж таки; өйткені, сол себепті, себебі —

потому что; сондықтан, неге десеңіз — поэтому; не, немесе, я, яки, не болмаса, я болмаса, әлде — или; кейде — иногда; бірде — однажды; біресе — то.

СЛОЖНОСОЧИНЕННЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ С СОЧИНИТЕЛЬНЫМИ СОЮЗАМИ.

Сочинительные союзы	Мысалдар
1. Соединительные союзы: және, да, де, та, те.	Кей металдар табиғатта өте аз және кездесуі сирек (А. Маш.) Кабинетке Нұржамал мен Баймұрат кірді де, ендігі назар соларға ауды (М. И.)
2. Противительные союзы: бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сонда да	Бұл жөніндегі пікірімді әлдеқашан жібергенмін, бірақ әлі жауап алған жоқпын. Жанат орнын ұсынып еді, — отырған жоқ (Ғ. Мұст.) Күн сайын бір жаңалық болады, алайда бұл жаңалық ананы бұрынғыдай онша мазасыздандырмайды. (Ғ. М.) Түс ауып барады, сонда да жаудың шабуылы күшеюде (М. Ғ.) Бес минуттай уақыт өтті, — ешкім сөйлемеді (З. Ш.)
3. Разделительные союзы: біресе, не, немесе, я, яки, бірде, не болмаса, әлде.	Күні бойы біресе жаңбыр жауады, біресе қар жауады. Бүгін киноға не мен барамын, не сен барасың. Бәйгені я Алтай алады, я Сәкен алады.
4. Причинно - следственные союзы: сондықтан, соя себепті, неге десеңіз, өйткені.	Сізді өшкім шақырған жоқ, сондықтан сіз бармайсыз (С. М.) Үй жақын, сондықтан бұлар көп сөйлесе алған жоқ. Делегацияны бастап бару міндеті Саусақовқа тапсырылды, себебі Саусақов казак, орыс тілін жақсы біледі (М. Қар.) Тереңге балық уылдырық шаша алмайды, неге десең онда уылдырық оралатын не балдыр, не шөп, не камыс жоқ (С. М.) Мейрам контордан бірін таппады, өйткені бәрі жер астында екен (Ғ. Мұст.)

Следует обратить внимание на знаки препинания сложносочиненного предложения, когда опускается противительный союз, вместо него ставится — (тире). См. примеры.

Тапсырма. Перепишите предложения, вставляя вместо многоточия сочинительные союзы по смыслу.

1. Қадірдің киімі жұқа... денсаулығы да мықты емес.
2. Бәріне де тоқтағым, бәрімен де танысқым келеді... оған уақыт аз.
3. Менің әкем... агроном еді, өзім... агрономмын. (С. М.).
4. Қабырғада ілулі тұрған репродуктор тысырлады... отырған үшеуі де тына қалды.
5. Мен жылқыға үйренген адам едім... фермаға кетіп барамын.
6. Сен танкіге үйренген адам едің... тракторға кетіп барасың. (М. И.).
7. Асқаров жақсы талант шығар-ақ... онда ұйымдастырушылық жағы жетіспейді. (С. Шайм.).
8. Кейін қайта алмаймыз... өткел тосатын уақыт жоқ. (Х. Рах.).

СӨЗДІК

бәйге — приз
денсаулық — здоровье
жібер(у) — посылать
киімі жұқа — его одежда легкая
қабырға — стена
мазасыздандырма(у) — не беспокоить
мықты — сильный
назар ауу — обратить внимание
орал(у) — обвиваться
орын — место
өткел тос(у) — ждать переправу
уылдырық шаша алмау — не мочь метать икру

пікір — предложение, соображение
сирек — редкий, редко
терең — глубокий, глубоко
тоқтағым келеді — хочу остановиться
түс ауып барады — уже за полдень
тына қал(у) — притихнуть
ұйымдастырушылық жағы жетіспе(у) — не хватать организаторской стороны
шабуыл — наступление

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите, найдите сложносочиненные предложения, выпишите их, определите значение союзов, связывающих простые предложения в сложные. Ответьте на вопросы.

ДАНЫШПАН КОМПОЗИТОРДЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ

Вена көшелерінің бірінде Моцартты тоқтатқан бір қайыршы одан садақа беруді өтінеді, бірақ қас қылғандай, оның қалтасында ақшасы болмай қалады да, Моцарт оны жақын маңдағы кофеханаға ертіп барады. Столдан композитор қолына қағаз, қалам алып, бірнеше минуттың ішінде менуэт жазады. Шығармасын қайыршыға ұстатып тұрып, баспагерлердің біріне ұсынуын өтінеді. Әлгі қайыршы бір жапырақ қағаздың қарын тойдыратынына онша сенбейді, әйтсе де Моцарт сілтеген баспагерге келеді. Ал менуэтті алған баспагер қуанышы қойнына сыймай, қайыршыға бес алтын теңге ұстатыпты.

СӨЗДІК

алтын — золото
баспагер — издатель
бір жапырақ қағаз — листок бумаги
данышпан — гениальный
ертіп бар(у) — повести
қайыршы — нищий
қалтасында — в кармане
қарын тойдыратынына — может утолить голод
қас қылғандай — как на-зло

қайырымдылық — отзывчивость
қуанышы қойнына сыймай — от радости
садақа — подаяние
сілте(у) — направить
теңге — монета
ұстат(у) — дать в руки
ұсынуын өтін(у) — попросил предложить

С ұ р а у - т а п с ы р м а.

1. Вена көшелерінің бірінде Моцартты кім тоқтатты?
2. Моцарттан ол не сұрады?
3. Моцарттың қалтасында ақшасы болды ма?
4. Қайыршыны ол қайда апарды?
5. Моцарт оған не жазып берді?
6. Менуэтті кімге апарып беруді сұрады?
7. Баспагер қайыршыға не берді?

Т а п с ы р м а. Из данных простых предложений составьте сложные предложения при помощи союзов.

1. Ертай алда келеді. Біз соңындамыз. 2. Ағаштар жапырақ жайды. Гүлдер шешек атты. 3. Салық оны төрге шығарды. Өзі мал қарауылдауға кетті. 4. Әншілер іріктелінді. Талай жастар өнер бәйгесіне түсті.

Тапсырма. Прочитайте текст, добиваясь правильного произношения и беглости при чтении устно. Найдите сложносочиненные предложения, определите способы связи их. Переведите текст.

«ҚАЙРАН КӨЛ»

«Қайран көл» — айналасы ат шаптырым, түбі құм — қайран, жағаға жақын таза көк құрақ шығатын, жылтыры көп, ортасы шалқып жатқан кең айдын, атақты Шалқар көл — «Есенеидің көлі». Солтүстігі мен батыс жағында жаз бойы Есенеидің жылқысы жайылып жатады. Оңтүстігі мен шығысын Сибан елі жайлайды. Аты Сибанның жаз бойы жайлауы осы. Жұрт ескірсе, жаңартып, жылжып қонып, күзге дейін отыра береді...

Жайлауда малшылардан басқа жұрттың бәрі демалыста, бәрі курортта. Жұмыс жоқ, табыс жоқ. Тойғаныңша ойнай бер, ойнағаныңша ойнай бер. Күздігүні қайтадан қараша қаз «Қайран көлдің» бетін бір жауып өткенше жайлау тарамайды. Әр нәрсені өз кезінде ойлау керек: қысты — қыстыгүні, жазды — жаздыгүні (Ғ. Мүсрепов).

СӨЗДІК

айдын — большое озеро
ат шаптырым — изрядное расстояние
батыс — запад
жаға — 1. берег, 2. ворот
жайла(у) — располагаться на летовку
жұрт — 1. люди, общественность 2. место стоянки аула летом
жылтыр — глянцевый
құм — песок
құрақ — тростник

оңтүстік — юг
солтүстік — север
табыс — заработок
тарамаяу — не расходиться
тойғаныңша — вдоволь, пока не надоест
шалқар көл — бескрайнее озеро
шалқып жатқан — просторное, широкое
шығыс восток

Тапсырма. Выучите слова: батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік и устойчивый словесный комплекс (фразеологизм) — айдын шалқар көл, жаз бойы (все лето).

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите. Выпишите причастия и определите, в каком времени они употреблены. Повторите причастие — занятие двадцать пятое.

Ф. ЭНГЕЛЬС КӨП ТІЛДІ БІЛГЕН

Ф. Энгельс 18 жасында-ақ тоғыз ұлттың тілінде еркін сөйлеп, жаза білген. Бұлар латын, ескі грек, ағылшын, итальян, испан, португал, француз, голланд және неміс тілдері еді. Ол түрлі елдердің революционерлерімен олардың өз тілінде хат жазысып тұрған. Энгельс орыс революционерлеріне хат жазғанда, ол хаттың соңынан Федор Федорович деп қол қойған.

Новые слова: еркін — свободный, свободно, қол қойған — подписывался

Сұрау-тапсырма.

1. Ф. Энгельс қай жаста қанша ұлттың тілін білген?
2. Ол қай тілдерді білген?
3. Ф. Энгельс кімге қай тілде хат жазған?
4. Хаттың соңына кім деп қол қойған?

Сороковое занятие

Грамматика. Сложноподчиненное предложение (сабақтас құрмалас сөйлем)

В казахском языке в сложноподчиненном предложении в отличие от русского языка имеется только один вид придаточных предложений — придаточные обстоятельственные. Они стоят впереди главного предложения. Главное независимое предложение (басыңқы сөйлем) и придаточное зависимое предложение (бағыныңқы сөйлем).

Придаточные предложения в казахском языке связываются с помощью союзов, послелогов и аффиксов.

Придаточные обстоятельственные предложения делятся:

1. Сложноподчиненные предложения с придаточными времени

(мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем)

Придаточные предложения времени указывают на время действия главного предложения и отвечают на вопросы **қашан?** — когда? **қашаннан бері?** — с каких пор? **қашанға шейін?** — до каких пор?

Сказуемые придаточного предложения выражаются:

а) причастием с аффиксом **-ша, -ше**. Мен келгенше, СЕН придаточн. пред.
ОСЫНДА ОТЫРА ТҰР. Главн. пред. ә) причастием на **-ған** в жатыс септік. Бұлар келгенде, тамақ тасушылар орындарынан тұра кетісті.

б) причастием на **-ған** с послелогоми **сайын, соң, шәйін (дейін)**. Біз шай ішкен соң, қонақтар сыртқа шықты. Шахта техника өскен сайын, жаңа ұсыныс, жаңа пікірлер де көбейе түсті (Ғ. Мұст.)

2. Сложноподчиненные предложения с придаточными цели

(мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем)

Придаточные предложения цели указывают на цель того, о чем говорится в главном предложении, и отвечают на вопросы: **неге?** — зачем? **не үшін?** — для чего? **не мақсатпен?** — с какой целью?

Сказуемое придаточного предложения цели выражается: а) причастием на **-мақ** со вспомогательным глаголом в деепричастной форме на **-ып**: Жол көрсетпек болып, біздің бірнеше достар машинамен қаладан он бес— жиырма километр шығарып салды (С. М.)

ә) неопределенной формой глагола с послелогом **үшін**: Қыстың ызғары жетпеу үшін, қоңыз інді терең қазады (С. М.)

б) повелительной формой глагола I, II, III лица со вспомогательным глаголом **деп**: Өзі үйренсін деп, Мұса баласын заводқа жұмысқа орналастырды. Біз Қапанмен амандасайық деп, қалаға келдік.

III 3. Сложноподчиненные предложения с придаточными условия (шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем)

Условные придаточные предложения указывают на условия того, о чем говорится в главном предложении, и отвечают на вопросы *қайтсе? не қылса? қайткенде?* — при каком условии?

Сказуемое придаточного условного предложения выражается:

а) глаголом условного наклонения: **Жасқа ұстаздық етсең, болашақтан тірек табарсың** (С. Бакб.)

Бір елді бір ел жақсы білсе, жақсы өнегесін алар еді (М. Ә.)

ә) деепричастием отрицательной формы (-ма+й, -ме+й). **Сын түзелмей, мін түзелмейді** (мақал).

б) отрицательной формой глагола с аффиксом *-йынша, -ійінше*: **Әр магазинге көпшілік бақылауын дұрыстап қоймайынша, ол былықтан арылу қиын** (Ғ. Мұст.). **Сен болмағанда, біз адасушы едік.**

4. Сложноподчиненные предложения с придаточными уступительными (қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем)

Придаточные предложения уступительные отвечают на вопросы: *қайткенмен? қайтсе де? не етсе де?* — несмотря ни на что? хотя (хоть).

Сказуемое уступительного придаточного выражается:

а) условным наклонением с союзом **да, де**.

Қартайсақ та, даусымыз жаспен бірдей. (Ж. Ж.)

ә) причастием на **-ған** в *көмектес септік*. **Амантайды Балтабек танығанмен, Ботагөз танымайтын еді.** (С. М.)

б) деепричастием со вспомогательным глаголом *тұра*. **Оқуға уақыт аз бола тұра, олар жақсы үлгірімге жетті.**

5. Сложноподчиненные предложения с придаточными образа действия (сын-қимыл бағыныңқылы сабақтас сөйлем)

Придаточные предложения образа действия показывают, как происходит действие в главном предложении. Отвечают на вопросы: *қалай? қалайша?* — как? каким образом?

Сказуемое придаточного предложения образа действия выражается: А) деепричастием на **-ып, -іп, -п, -а, -е,**

-й). Қаулап өскен шөп үстінде қанаттары жалтылдап, қызылды-жасылды көбелектер ұшып жүр. (Т. Ахт.) Ана оның сөзін күтпей, өзі бастап кетті (С. Бақб.) Біреулер кітап оқып, біреулер шахмат ойнап отыр (Т. Әлім.)
 ә) отрицательной формой *болжалды келер шақ в шығыс септік*. Кірген бетте директор өз орнына отырмастан, сөзін түрегеп тұрып бастады (М. И.)

б) причастием с аффиксами -дай, -дей. Ештеме болмағандай, енді ол күліп отыр.

6. Сложноподчиненные предложения с придаточными причины (себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем)

Придаточные предложения причины указывают на причину того, о чем говорится в главном предложении, и отвечают на вопросы: *неге? почему? неліктен? — от чего? не себепті?* — по какой причине?

Сказуемое придаточного предложения причины выражается:

а) производными существительными, образованными при помощи суффикса -дық, -дік, -тық, -тік от причастия прошедшего времени на (-ған) в исходном падеже.

Өз күшіміз аз болғандықтан, сендерден көмек сұрай келдік. (А. Лек.)

ә) причастием на -ған в утвердительной и отрицательной форме с послелогом *соң* или *себепті*.

Раушан келіп қалған соң, ол ауылға қарай жүріп кетті. (Б. М.)

1. Модель-схема придаточного предложения времени (мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас)

Придаточное предложение (бағыныңқылы сөйлем)	да, де кезде, шақта -ға, -ге (дейін, шейін) -нан, -нен (соң, кейін) -ша, -ше -қалы, -келі, -ғалы, -гелі -ысымен, -ісімен	Главное предложение (басыңқы сөйлем)
--	--	--------------------------------------

2. Модель-схема придаточного уступительного предложения (қарсылықты сабақтас сөйлем)

Придаточное предложение (бағыныңқылы сөйлем)	-са, -се -са, -се (да, де) -ғанмен, -генмен (да, де) бола тұра (бола тұрса да)	Главное предложение (басыңқы сөйлем)
--	---	--------------------------------------

3. Модель-схема условного придаточного предложения (шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем)

Придаточное предложение (бағыныңқы сөйлем)	-са, -се -й, -ынша, -інше (-қай, -кей) -да, -де	Главное предложение (басыңқы сөйлем)
--	---	--------------------------------------

Тапсырма. Составьте сложноподчиненные предложения по данной модели.

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите, выпишите сложноподчиненные предложения и определите их значения.

АҚСАҚ КИІК

Басқаларынан оқшау қала бастаған жаралы киік оқ тигеніне қарамастан, шоқақтап келеді. Құс сияқты қанаты болмаса да, жерден биік көтеріле алмаса да, жас киік әлі ширақ көрінеді. Бірақ киік пен шапқан аттар арасындағы қашықтық бірте-бірте қысқара түсті.

Кедей ауылдың сыртында ойнап жүрген топ бала бұл көрініске таңырқай қалысыпты. Киіктер көзден таса болып, қуғыншылар әбден көрінбей кеткенше, топ бала аттылар соңында қалған бозғылт шаңның суретіне қарады да тұрды. Әсіресе топ баланың ішіндегі жасы онға жаңа келген қыз бала әлгі көріністерге зер сала қарады. Жас болғанымен, оның жүрегінде әлдебір аяныштың ізі қалып қойғандай еді.

Елестей болып өте шыққан аңшыдан гөрі көкжиектен көтерілген аңның, дала бүркітінің, ақсаңдай басып жортқан тірі жемтік үстінен ойқастап, айнала ұшқаны балалардың назарын аударды. Қуғыншы мен киік тобы көрінбей кеткенмен, олардың қай шамада екенін көктегі бүркіттің бет алды бағдарынан байқауға боларлық еді.

(С. Бақбергенов).

СӨЗДІК

айнала ұш(у) — кружить-ся (лететь)

аңшы — охотник

ақсақ — хромоу

аяныш — жалость

әсіресе — особенно

байқа(у) — заметить

бағдар — направление

бозғылт — серый

бірте-бірте — постепенно

елестей — как видение
жаралы — раненый
жемтік — падаль, жертва
жорт(у) — бегать (по степи)
зер салу — обратить взоры
кедей — бедный, бедняк
киік — сайгак
көзден таса бол(у) — теряться из виду
көкжиек — горизонт
көрініс — случай, вид
қай шамада — где приблизительно
қуғыншылар — погоня (догоняющие)
қысқар(у) — уменьшать-

ся, укоротиться
назар аудару — привлечь внимание, обратить внимание
ойқаста(у) — быть в стороне
оқ тию — попасть пулей
оқшау — отделившийся (от остальных)
өте шыққан — прошедший
таңырқа(у) — удивляться
тірі — живой
шапқан — скачущий
ширақ — бодрый
із(і) — его след

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите, найдите сложносочиненные предложения, определите, каким глаголом выражены сказуемые.

МАРҚ ТВЕННІҢ ЖАУАБЫ

Бір күні Марк Твенге маркасыз хат келіпті. Ақшасын төлеп алып, ашып оқыса: «Ескі көз досым, саған шын жүректен сәлем жолдап отырмын. Хал-ахуалым жақсы. Байырғы әріптесің... Джексон» деген сөздер бар екен.

Арада біраз уақыт өткен соң, почташы енді Джексонға салмағы екі килограмға жуық ақылы посылка әкеп берді. Джексон ашып қараса, — кәдімгі тас пен бір жапырақ қағаз. Қағаздағы жазу: «О, досым! Сенің хал-ахуалың жақсы екенін естігенде, бойымды басып жүрген мына зіл қара тас топ ете түскені. Соны саған асыға хабарлап отырмын. Марк Твен».

СӨЗДІК

ақылы посылка — посылка наложенным платежом
асыға — второпях
байырғы әріптесің — твой старый коллега

бойымды басып жүрген зіл — тяжесть на душе
қара тас топ ете түскені с души упал тяжелый камень
салмағы — вес

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите. Выпишите сложносочиненные предложения в один столбик, а в другой — сложноподчиненные предложения и ответьте на вопросы письменно.

Текст.

Ол уақытта Кавказда соғыс болып жатыр еді. Күндіз де, түнде де жол жүруге болмайтын. Егер орыстардың біреуі қорғаннан шетірек шыға қалса, татарлар не өлтіреді, не аяқ-қолын байлап тауға алып кететін. Қорған мен қорған арасында жетісінде екі рет қана қатынас болатын. Алдынан да, артынан да қоршаған солдат, ортасында жүргінші халық болатын.

Жаздың күні еді. Таң сарғая қорғанның артына керуендер жиналды. Қорғаушы солдаттар да шықты. Барлығы жолға аттанды. Жилин салт атты, оның нәрселері тиелген арба керуенмен бірге келеді.

25 шақырым жол жүру керек. Керуен тіпті жай жүріп келеді... Біресе солдаттар тоқтап қалады, біресе керуендегі арбаның біреуінің дөңгелегі шығып кетеді, немесе аттар болдырып табандап тұрып қалады, сонымен бірін-бірі күтіп, барлығы тоқтайды.

(Л. Толстой).

СӨЗДІК

байла(у) — привязывать

болдыр(у) — выбиться из сил, устать

жолға аттан(у) — отправиться в путь

жол жүр(у) — ездить, отправиться в путь

жүргінші — путники, проезжие

дөңгелек — колесо

керуен — караван

қатынас — связь

қатынасушылар — связанные

қорған — укрепление

қорға(у) — охрана, охранять

қоршаған — окруженный
салт атты — верховой, всадник

соғыс — война

сонымен — итак

тиелген — погруженный

шақырым — верста

Сұрау - тапсырма.

1. Ол кезде Кавказда не болып жатыр еді?
2. Қорғаннан жеке шыққан орыстарды татарлар не істейтін еді?

3. Қорған араларында жетісіне қатынас неше рет болатын еді?
4. Қатынасқандар қалай жүретін?
5. Қай кезде керуен, қорғаушы солдаттар, Жилин бірге жол жүрді?
6. Неше шақырым жол жүру керек еді?
7. Керуен қалай жүріп келе жатты?
8. Неліктен жай жүрді?

Повторение пройденных занятий.

1. Имя существительное, имя прилагательное, имя числительное, местоимение.
-

Тапсырма. Прочитайте текст, переведите, затем найдите существительные, нарицательные и собственные имена, стоящие во всех падежах, и выпишите их.

Тапсырма. Найдите в тексте и выпишите слова в притяжательной форме в сочетании с ілік септік и определите, в каком лице и падеже они стоят.

Тапсырма. Найдите в тексте прилагательные и выпишите их с определяемыми словами и обратите внимание на их согласование.

Тапсырма. Найдите в тексте числительные и выпишите их, определите разряды.

Тапсырма. Найдите в тексте местоимения, выпишите их, определите разряды и в каком падеже они стоят.

Текст.

АЛМАТЫ

Алматы — Қазақ ССР-інің астанасы. Ол — Алматы облысы мен республиканың саяси, экономикалық және мәдени орталығы. Халқы миллионнан асады. Алматы Іле Алатауының солтүстік етегінде, теңіз деңгейінен 700—900 метр биіктікте, негізінен Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің аралығында.

Автомобиль, темір жол және әуе қатынасының ірі торабы.

Алматының табиғаты бай, ауа райы жайлы. Қазіргі Алматыны адам ерте заманнан бері мекен еткен. Біздің заманымыздан бұрын 7—3 ғасырда сақ тайпалары қоныстаған. Сақтардан кейін саяси басшылыққа ие болған үйсін тайпалары Алматы маңын ұзақ ғасырлар бойы (біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасыр, біздің заманымыздың 3 ғасырында) мекен етіп келді. Қазіргі «Горный гигант» колхозы орналасқан жерден үйсіндердің байырғы қонысы табылды. Түрік қағанаты дәуірінде (6—8 ғасыр) Алматы аймағында тұрақты мекендер көбейіп, олардың біразы әр түрлі қолөнер кәсібі мол саудалы қалаларға айнала бастайды. Орта ғасырда Алматы қазіргі өз атымен белгілі болған. XV ғасырдағы соғыс салдарынан қираған қаланың қалдығы қазіргі Алматының орнында жатыр.

Жетісу аймағы Россияға бағынған кезде мұнда дулаттардың «Алматы» атты қыстағы бар-ды. 1854 жылы осы жерге орналасқан Заилийское, кейіннен «Верное» деген атпен мәлім болған орыс бекінісі 1867 жылы қала дәрежесіне жетеді; көп ұзамай-ақ Жетісу облысының әкімшілік орталығына айналды. 1867 жылдан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Түркістан генерал-губернаторына қарасты Алатау округінің орталығы болып, Верный қаласы деп аталды.

1913 жылда қаладағы жұмысшылар саны 500-ге жетті. Сауда орталығына айналған Верныйдың экономикалық маңызы жылдан-жылға арта түсті. Онда орыс-қазақ мектебі, 1879 жылы ерлер мен әйелдер гимназиялары ашылды. Белгілі зерттеуші ғалымдардың П. П. Семенов Тянь-Шанский, Н. М. Пржевальский, Г. Н. Потанин т. б. экспедициялары да осы қаладан басталды. 1856—64 жылдар арасында Ш. Уәлиханов бірнеше рет Верныйға келіп жұмыс істеген. Осы қалада 1875 жылы И. В. Мушкетов, кейінірек зоолог Н. А. Северцев, ботаник А. Н. Краснов, тарихшы В. В. Бартольд т. б. болды.

Патша өкіметі мен жергілікті бай-феодалдарға қарсы Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына Жетісу аймағының еңбекшілері де тікелей ат салысты.

Қазақ халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісін зор қуанышпен қарсы алды. 1918 жылы 2-сінен 3-іне қараған күнде большевиктердің — П. М. Виноградов, Т. Бокин, Т. Өтепов, Л. П. Емелев т. б. басшы-

лығымен Верныйдың жұмысшы кедейлері көтерілді. Қалада Совет өкіметі орнады. Компартия жіберген өкілдер — М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев, Д. А. Фурманов тағы басқалары баға жетпес үлес қосты.

1921 жылы 14 мартта Верный өзінің ежелгі атымен Алматы болып аталды.

Қазақстанда және оның орталығы Алматыда Компартияның тапсырмасымен С. М. Киров 1934 жылы, М. И. Калинин 1935 жылы болып қайтты.

II

Алматы тарихында Ұлы Отан соғысы дәуірі үлкен орын алды. Ол республиканың барлық қорын, күш-жігерін Отан қорғау қажетіне жұмылдырды; майданға деген көмекті жан-жақты ұйымдастырды; тылды нығайтушы штаб болды. Қаланың өзінде бірнеше әскери құрама, оның ішінде Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясы жасақталды. Мындаған алматылықтар Отан соғысына қатысып ерлікпен күресті; оның 51 жауынгеріне Совет Одағының Батыры атағы берілді, ал С. Луганский бұл атақты екі рет алды. Соғыс жылдары көшіп келген ірі-ірі заводтар мен фабрикалар қалаға орналасып қару-жарақ шығарды. Алматы өнеркәсібінің негізгі өндіріс қоры соғыс жылдарында үш еседей, ал жұмысшылар саны 60 процент артты. Соғыс аяқталғаннан кейінгі жылдарда қала ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Қала өнеркәсібінің алуан түрлі өнімдері барлық одақтас республикаларға, дүние жүзінің көптеген елдеріне шығарылады.

Алматының төңірегі бау-бақша, онда алманың неше түрі өседі, оның ішінде дүние жүзіне әйгілі апорт бар.

Алматының климаты континенттік. Январдың орта температурасы —8 градус С., кей жылдары —20-дан 25 градус С. дейін төмендейді, июльде 22 градус, августа одан да жоғары. Қыста қар аз жауады, әрі ұзақ жатпайды. Алматының ашық күндері жиі, желі сирек. Жазы ұзақ, көбінесе ыстық әрі құрғақ. Қысы қысқа, кейде жылымық; күзі жылы; көктем ерте шығады, кей жылдары суық қайталайды.

III

Алматы — ірі өнеркәсіп, ғылым, мәдениет орталығы, мұнда 300-ден аса кәсіпорын жұмыс істейді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 16 жоғарғы оқу орны, 8 театр, 13 музей жұмыс істейді. Кітап байлығы жағынан ең ірі кітапхана А. С. Пушкин атындағы республикалық көпшілік кітапханасы бар.

Алматы — қазақтың түрі ұлттық, мазмұны социалистік театр өнерінің орталығы. Мұнда қазақтың Абай атындағы опера және балет театры, қазақтың Әуезов атындағы драма театры, Лермонтов атындағы орыс драма театры, балалар және жасөспірімдер театры, қуыршақ театры, корей және ұйғыр музыкалы драма театрлары, ұлт аспаптар оркестрі, филармония, «Қазақконцерт» бірлестігі, хор капелласы, эн-би ансамблі, «Гүлдер» ансамблі мен «Қазақфильм» киностудиясы жемісті еңбек етіп келеді.

Қазақстан Жазушылар одағы, Композиторлар Одағы, Суретшілер Одағы, Архитекторлар Одағы, Қазақ театр Қоғамы, Орталық Музей, Қазақ ССР Ғылым Академиясының геологиялық, зоологиялық, археологиялық және этнографиялық музейлері, М. О. Әуезовтің музей-үйі, Т. Г. Шевченко атындағы сурет галереясы, көптеген кинотеатр, клуб, мәдениет сарайлары, балалар темір жолы бар.

Алматыда мерзімді баспасөз Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін шынайы даму жолына түсті.

Қазақ, орыс тілінде көп тиражды 13 газет, 19 журнал шығады. «Қазақстан», «Жазушы», «Қайнар», «Мектеп», «Ғылым», «Жалын» баспалары жыл сайын тиражы 24 млн.-ға жуық 2 мыңдай әр түрлі кітаптар шығарады.

Алматыда радио алғаш рет 1929 жылы сөйлей бастады. Республикалық радио 4 программа бойынша қазақ, орыс, ұйғыр, неміс тілдерінде тәулігіне 30 сағат хабар береді. Қала тұрғындары қазақ телевизиясымен 1958 жылдан бері Орталық телевизия, Интервизия, «Орбита» және Фрунзе телевизия хабарларын қабылдайды.

Алматы — Совет Одағының аса ірі туристік және спорт орталықтарының бірі. Қала төңірегі мен оның оңтүстік жағындағы биік Алатау баурайында демалыс үйлері, санаторийлер, пионер лагерьлері, туристік және альпинистік базалар орналасқан. Алматы іргесінде дүниежүзіне әйгілі биік таудағы мұз айдыны — «Медеу» бар. Мұнда бүкілодақтық және халықаралық спорт жарыстары өткізіліп тұрады. Шымбұлақ шатқалында жыл сайын бүкілодақтық шаңғы жарысы өткізіледі. Қала

төңірегі — Алматы тұрғындарының дем алып, серуендеуіне таптырмайтын орын.

IV

Алматы құрылысы. Соғыстан кейінгі жылдарда күрделі құрылыстардың көлемі ұлғаюмен байланысты Алматының 2-бас жоспары жобалайды. Бұл тұста архитектурада орыс архитектурасының классикалық түрлерге қазақтың көне архитектуралық бөлшектерімен және алуан түрлі өрнектерімен үйлестіріп тоғыстыра пайдалану мақсаты қойылды.

Қазақтың Абай атындағы опера және балет театры, Үкімет үйі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының бас ғимараты, Орталық стадион, Орталық Универсалды магазині құрылыстары осындай үлгіде салынды.

Алматыда бұрын болмаған көлемі күрделі құрылыс Ленгипрогор жобалаған 3-бас жоспарға сәйкес жүргізілді. Сол жоспар бойынша 7 жыл ішінде тұрғын үй, орта мектептер, балалар бақшасы, магазиндер, ауруханалар, ресторан, кафе, асханалар, халық қажетін өтейтін тағы басқа ғимараттар пайдалануға берілді. Қоғамдық-әкімшілік және мәдени ғимараттар салынды: қаланың ортасында сауықтыру моншасы «Арасан», «Қазақстан» қонақ үйі, «Балалар әлемі» магазині, «Алматы» рестораны, Спорт сарайы, «Алматы» қонақ үйі, «Отырар» қонақ үйі, В. И. Ленин атындағы Мәдениет сарайы, Абай Даңқ монументі, Шоқан Уәлиханов ескерткіштері тағы басқалар бар.

Астана архитектурасына ұлттық ерекшелік беретін мүсін ескерткіштер мен көркем сурет, ою-өрнектер жүйелі қолданылуда.

Алматы табиғатының сұлулығымен оның ғимараттары, жаңадан салынған 10—12 қабатты зәулім үйлерінің архитектуралық ансамблі үндесіп жатады.

Көп қабатты ғимараттардың пайда болуы жана талғам туғызуымен бірге қала сәулетін де ажарландырып тұрады.

1983 жылы Алматы Ленин орденімен наградталды.

(Қазақ Совет энциклопедиясынан).

СӨЗДІК

етегінде — у подножия
деңгей — уровень

биіктікте — на высоте
негізінен — в основном

торап — узел
маң — окрестность
байырғы — исконный, ко-
ренной
қираған — разрушенный
салдарынан — вследствие
қалдық — развалины
қыстақ (қыстағы) — зи-
мовка
бекініс — крепость
өкіл — представитель
'баға жетпес — неоцени-
мый
үлес — доля, часть
ежелгі — прежний
тапсырмамен — по пору-
чению
қор — фонд
күш-жігері — сила и энер-
гия
Отан қорғау — защитить
Родину
қажетіне — нуждам
жұмылдыр(у) — мобили-
зовать
майдан — фронт
нығайт(у) — укрепить
эскери құрама — воин-
ская часть
көшіп келген — эвакуиро-
ванный
қару-жарақ — оружие
түрі ұлттық — по форме
национальный
театр өнері — театраль-
ное искусство
жасөспірім театры — театр
юношества
куыршақ — кукла
аспап — инструмент (му-
зыкальный)
ән-би — песня и пляска
жемісті еңбек — плодот-
ворный труд

шынайы — настоящий
жол — (дорога) путь
кала тұрғындары — го-
рожане
төңірек — окраина
баурай(ы) — подножие
орналасқан — располо-
жен
дүние жүзіне әйгілі —
всемирно известный
мұз айдыны «Медео» —
каток «Медео»
Шымбұлақ шатқалы —
ущелье Чимбулак
күрделі құрылыс — капи-
тальное строительство
жобаланды — проектиро-
ван
көне — древний
ұлғаю — увеличиваться
ғимарат — сооружение
пайдалануға берілді —
сдан в эксплуатацию
қоғамдық әкімшілік —
общественно-административ-
тивный
сауықтыру — оздоро-
вительный
тағы басқалар — и другие
ерекшелік — особенность
мүсін — скульптура
зәулім — высокий
талғам — вкус
ажарландырып тұрады —
придает прекрасный вид
бөлшек — часть
өрнек — узор
пайдалан(у) — использо-
вать
сәйкес — соответственно
мәдениет сарайы — дво-
рец культуры
қаланың ортасында — в
центре города

монша — баня
ұлттық — национальный
ескертікш — памятник

көп қабатты — много-
этажный
сәулет — архитектура

II. Повторение глагола.

Тапсырма. Повторите собственнo-настоящее и переходнo-настоящее времена глагола. Прочитайте текст и определите, в каком времени стоят подчеркнутые глаголы.

Текст.

1. Жолдастар, мен айналама көз саламын да, жеріміз бен суымыз туралы **ойлаймын**. Күн нұрын **төгіп тұр**. Теңізде түрлі балықтар қаптап жүр. Егіс даласы — толған бидай. Бақта жемістің алуан түрі алма, өрік, шие, алмұрт бар. Самсап жүзім **өседі**. Өрісте жылқы, сиыр, қойлар **жайылып жүр**. Жер қойнында алтын, күміс, темір, түрлі-түрлі металл бар. Жаныңа не керек болса бәрі **табылады**.

Тапсырма 2. Повторите прошедшее время глагола (өткен шақ), одиннадцатое, тринадцатое занятия.

Переведите текст, найдите глаголы прошедшего времени.

Текст.

АТАҚТЫ ӘНШІ

«Семей қаласы, Шығыс көшесі, № 78 кварталда тұратын қазақ әншісі Әміре Қашаубаевтың Париж қаласындағы жер жүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатысуға ризалығы бар ма? Осыны тез арада анықтап, хабарын беруді сұраймын», — деген РСФСР Оқу Халық Комиссары Луначарскийдің телеграммасы Семейдің губерниялық оқу бөліміне келген соң, ол — Әміренің Москваға баруын ұйымдастырды.

Совет Одағының барлық елдерінен жиналған әнші, биші, сыбызғышы, күйшілері 1925 жылы 22 июньде Москвада Үлкен театрдың Бетховен залында концерт берді. Осы кеште және 24 июньде Кіші театрда болған концертте Әміре ерекше әншілік өнер көрсетті. Башқұрт

сыбызғышысы Жұмабай Есенбаевпен, өзбек әншісі әрі бишісі Тамара хануммен тағы басқалармен жарысқа түсіп, Әміре ССРСР-дің тандаулы өнерпаздарының бірі болып Парижға барды.

«Ағаш аяқ», «Сырғақты», «Смет», «Қызыл бидай» әндерін Әміре 20 июльде Париж қаласындағы ССРСР павильонында айтқанда тыңдаушылар аузын ашып, көзін жұмды. Бұдан кейін Париж театрларында берілген 11 концертке Әміре түгел қатысты.

(С. Бегалин).

СӨЗДІК

анықтау **выяснить**
түгел **полностью**

ризалық **согласие**

Тапсырма. Повторите **деепричастие** (көсемше).
Двадцать четвертое занятие.

Неочевидное прошедшее время

Переведите текст, найдите неочевидное прошедшее время глагола.

Текст.

Бір кемпірдің немере қызы болыпты. Ол әлі кішкентай екен, ылғи ұйқтай беріпті. Ал әжесі нан пісіріп, үй сыпырып, ыдыс-аяқ жуып, жіп иіріп, немересіне тоқыма тоқыпты. Кемпір әбден қартайыпты. Ол пеш үстінде жатып алып, ұйқтай беріпті. Енді немересі нан пісіріп, ыдыстарды жуып, іс тігіп, әжесіне тоқыма тоқитын болыпты. Жіп иіріпті.

(Л. Толстой).

Тапсырма. Повторите **причастие** (есімше). Двадцать пятое, двадцать восьмое, двадцать девятое занятия. Прочитайте текст, переведите, выпишите глагольную форму причастия и определите, в роли какого члена предложения они выступают.

Текст.

ҰМЫТЫЛМАЙТЫН КҮН

(Қарт колхозшының әңгімесі)

Жасым жетпіске жетті. Жиырма жылдай байларға жалшы болдым. Отыз жыл колхозыма қызмет істедім.

Осы өмірімде Михаил Иванович Калининмен кездескенім есімнен кетпейді.

Мың тоғыз жүз отыз бесінші жыл. Жиырма бесінші октябрь. Күн шайдай ашық.

Біздің колхозға Қаскелең ауданының колхозшылары түгел жиылды. Жиылған жұрт Москвадан әдейі шыққан жоғары мәртебелі қонақтың келуін асыға күтті. Бұл қонақ — бүкіл одақтық қария Михаил Иванович Калинин еді.

Қазақтың ұлт киімін киген, сәйгүлік¹ ат мінген 12 қыз бен 12 жігіт даярланды. Олар құрметті қонақтың алдынан шығып қарсы алды. Кешікпей Михаил Ивановичтің келуіне арналған жиналыс ашылды.

Михаил Иванович өз қолымен жерді колхозға мәңгі пайдалануға беру жөніндегі актіні тапсырды. Бұл — біз үшін еш уақытта да ұмытылмайтын, мәңгі есте сақталатын оқиға болды. Бір мемлекеттің басшысы әдейі келіп, жерді мәңгі пайдалануға бергенін ұмытуға бола ма? Жоқ, мен мұны ұмыта алмаймын!

Жиналыста колхозшылар атынан мен сөз сөйледім. «Колхозымызды Сіздің есіміңізбен атауға рұқсат етіңіз», — дедім.

Михаил Иванович ризалығын білдірді де:

— Еңбектен ерінбеңдер, атакты колхоз болыңдар, — деді.

Осы жолы Михаил Ивановичті колхозымызға құрметті мүше етіп қабылдадық.

Михаил Ивановичтің қалдырған өсиетін біз толық орындап шықтық. Қазір біздің Калинин атындағы колхозымыз — алдыңғы қатардағы ірі колхоздың бірі. Колхозшыларымыздың бәрі де ауқатты тұрады.

(К. Аманжоловтан).

Тапсырма. Повторите неопределенную форму глагола (тұйық рай). Двадцать шестое, тридцатое, тридцать первое, тридцать третье, тридцать четвертое занятия.

Прочитайте внимательно текст, переведите, выделенные глаголы выпишите и сделайте полный разбор глаголов по временам и другим видам.

¹ Сәйгүлік — скакун особой породы.

УӘЛИХАНОВ ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклорист, ағартушы, демократ. Ол қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде 1835 жылы туған. Балалық шағы ата қонысы Сырымбет тауының (Көкшетау облысы) бауырында өткен. Өз әкесі — Шыңғыс, ұлы атасы Уәлихан. Арғы атасы Абылай.

Шоқан Сырымбетте халықтың қайнаған ортасында болды. Ол жас күнінен тарихи өлең, жыр, аңыз, әнгімелерді қызыға тындап, құлақ түріп өскен. Тіпті Құсмұрындағы шағының өзінде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын жазып алыпты. Сырымбетте аңыз, жырлар сюжетіне сурет салатын болған. Шоқан табиғатынан зерек, алғыр болған. Ш. Уәлиханов әуелі Құсмұрында қазақ мектебінде оқып арабша хат таниды. Дәстүр бойынша «жеті жұрттың тілін білуге» тиісті хан баласы Шығыс тілдерінен араб, парсы, шағатай тілін жасынан жақсы үйренген; кейін Орта Азияның түркі тілдерін меңгерген.

1847 жылы ол Омбыдағы кадет корпусына оқуға түседі. Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелетін бұл корпус, декабрист А. Завалишиннің сөзімен айтқанда, «ағартушылық пен патриотизмнің өркен жайған жері» болатын.

Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан «Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Екі-үш жылдан кейін-ақ Шоқан өз класындағылардан ғана емес, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да идея жағынан басып озды», — дейді бірге оқыған досы Г. Н. Потанин.

Шоқанның рухани өсуіне орыс әдебиетінің мұғалімі ориенталист Н. Ф. Костылецкий (1818—67), мәдениет тарихы курсы жүргізген айдаудағы ғалым Гонсевский, әдебиетші В. Т. Лободовский (Н. Г. Чернышевскийдің жас кезіндегі досы, кейін идеялас әріптесі) елеулі ықпал еткен.

Қостылецкий арқылы 1852 жылы Шоқан мен И. Н. Березин арасындағы тікелей достық қатынас басталады. Березиннің тапсырмасы бойынша Шоқан Тоқтамыстың «Хан жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның

алғашқы ғылыми жұмысы. 14—15 жасар Шоқанға мұғалімдері болашақ ғалым, зерттеуші деп қарайтын еді дейді Потанин.

Жас Шоқанның білімдарлығын, әсіресе Шығыс әдебиетін жақсы білетіндігін С. Ф. Дуров, Семенов-Тянь-Шанский, Потанин, Н. М. Ядринцев жоғары бағалаған. «...жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз, «Еуропаға ашқан терезе сықылды болды»,— дейді Г. Н. Потанин.

1853 жылы Уәлиханов кадет корпусын 18 жасында бітіреді. Ол Омбыда әскери қызметке қалдырылады. Бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-батыс аймағын басқаратын генерал-губернатор Г. Х. Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Екінші жағынан Батыс-Сібір өлкесінің Бас басқармасы оны айрықша тапсырмаларды орындайтын офицер етіп ұстайды. Қызметте Шоқан бюрократтық... мансапқор чиновниктері мен патша өкіметінің отаршылдық саясаты туғызған әділетсіздікке қарсы күресіп, олардан қысым көреді. Бұл туралы достарына — Ф. М. Достоевский, А. Н. Майков, В. Курочкин, К. К. Гутковскийге жазған хаттарында Омбыдан кетуді, туған халқына пайдасы тиетін қызмет істеуді армандайтыны айтылған.

Ш. Уәлиханов адъютанттық қызмет атқара жүріп Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясын, географиясын зерттеуге белсене араласады.

1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралайды. Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында материал жинап қайтады.

1856 жылы Шоқан қырғыз елін зерттеу экспедициясына қатысады. Қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы жайлы мәліметтер жинайды, фольклор нұсқаларын жазып алады. Бұдан кейін Құлжа қаласында болып, Жоңғария тарихымен шұғылданады.

1857 жылы тағы қырғыз еліне барады. Осы сапарында жинаған материалдарын ол «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қытай империясының батыс империясы және Құлжа қаласы» атты еңбектерінде пайдаланады. Бұл еңбектерді орыс ғалымдары аса зор бағалаған. Оларда жергілікті халықтардың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, әдет-ғұрпы зерттеледі. Шоқан табиғатты және

ел тұрмысын жазушылық шеберлікпен суреттеген. Орыс достары оны «Қазақтар туралы жазатын орыс әдебиетшісі» деп атаған.

Шоқан қырғыз халқының «Манас», «Семетей» туралы дастандарын аса құнды туындылар ретінде бағалаған. Шоқан «Манасты» даланың «Иллиадасы» тәрізді десе, «Семетей» жырын «Манастың» жалғасы. Бұл — қырғыздың «Одиссеясы» деген. «Манасты» бірінші рет баспаға ұсынып, орыс ғалымдарына таныстырған да Шоқан.

П. П. Семенов-Тян-Шанский өзінің Жетісу бойындағы зерттеулерін жүргізгенде Шоқанмен ақылдасып отырған. Семенов-Тян-Шанскийдің ұсынуымен 1857 жылы Шоқан орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайланды.

1858—1859 жылдары Шоқан өзінің Қашқарияға барған атақты саяхатын жасайды. Қашқария мәліметтері Шоқанның дүние жүзілік география ғылымына қосқан зор жаңалығы болды.

Шоқан өмірімен ғылыми творчестволық қызметінің аса елеулі кезеңі — оның 1859 жылдың аяғында Петербургте болуы еді. Петербургте ол идеялық жағынан көп өсіп, әлеуметтік жағынан толысып қайтты. Денсаулығы нашарлап ол еліне қайтады. Шоқан 1865 жылы қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемел тауының баурайындағы Көшен — Тоған деген жерге қойылады.

Шоқан өлімі оның өзі сүйген қазақ халқына және орыс достарына өте ауыр тиді. Шоқан басына ескерткіш орнатуды ұйымдастыруда және оның шығармаларын жинап бастыруда орыс ғалымдарының еңбегі зор. Орыстың географиялық қоғамы басып шығарған (1904) Шоқан шығармаларына жазған алғы сөзінде академик Н. И. Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың шығысты зерттеуші ғалымдары оны таңғажайып құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті», — деп жазды.

1958 жылы Уәлихановтың Алтынемелдегі кабірі басына биік обелиск орнатылды. Қауфман қойғызған мәрмәр тас соның қабырғасына өріліп жымдастырылды.

(Қазақ Совет энциклопедиясынан).

әділетсіздік — несправед-
 ливость
 қысым — давление
 әскери — военный
 еріксіз — невольно
 әдет-ғұрып — обычай
 діни — религиозный
 ұғым — понятие
 қатыс(у) — принять уча-
 стие
 мәлімет — сведение
 нұсқа — образец, экзем-
 пляр
 дастан — поэма, эпос
 сапар — поездка, путеше-
 ствие
 жергілікті — местный
 зерттел(у) — исследовать,
 изучаться
 тұрмыс — жизнь
 суретте(у) — описывать
 шеберлікпен — мастерски
 құйрықты жұлдыз — про-
 мелькнувший метеор
 қабірі басында — на мо-
 гиле (его)
 таңғажайып — удивитель-
 ный
 белсене — активно
 мәрмәр — мрамор
 шығыстану — востокове-
 дение
 құбылыс — явление
 түгел — все без исключения
 тағдыр — судьба
 мойында(у) — признать,
 признание
 маңызы — значение (его)
 күт(у) — ждать
 үміт — надежда
 үзіл(у) — рухнуть
 әлеуметтік — социальный

сүйегі — прах (его)
 өлімі — смерть (его)
 ескерткіш — памятник
 орнат(у) — установить
 ықпал — влияние
 талда(у) — анализ
 тағайында(у) — назна-
 чаться
 тікелей — непосредствен-
 но
 басқар(у) — управлять
 Бас басқарма — Главное
 управление
 білімдар — знаток
 бағала(у) — ценить
 отаршылдық — колони-
 альный
 саясат — политика
 құнды — ценный
 табиғатынан — от приро-
 ды
 әуелі — сначала
 дәстүр бойынша — по тра-
 диции
 өркен жаю — пустить кор-
 ни
 жеті жұрт тілін біл(у) —
 знать семь языков семи
 народностей
 бекініс — крепость
 мансақор — карьерист
 парақор — взяточник
 тоң мойын — твердоло-
 бый
 туғыз(у) — породить
 туынды — произведение
 зерек — одаренный
 рухани — духовный
 өс(у) — расти
 жыр — песня
 құлақ түр(у) — очень
 внимательно прислуши-

НАША СТРАНА

Наше Отечество — Союз Советских Социалистических Республик.

СССР — самая большая страна на свете. Она занимает шестую часть всей суши.

Спросим жителей нашей страны всех сразу, по радио:

— Какое у вас время дня?

Одни ответят:

— У нас утро.

Другие ответят:

— У нас полдень.

Третьи ответят:

— У нас вечер.

Спросим жителей нашей страны, всех сразу, по радио:

— Какое у вас время года?

Одни ответят:

— У нас весна.

Другие ответят:

— У нас зима.

Спросим жителей нашей страны:

— Чем вы богаты?

Одни ответят:

— Мы богаты хлопком.

Другие ответят:

— Мы богаты хлебом.

Третьи ответят:

— Мы богаты рыбой.

Богата наша страна.

Мы любим нашу Родину. Каждый уголок СССР нам дорог.

В нашей стране живут русские, украинцы, белорусы, грузины, казахи, уйгуры, татары, узбеки и много других народов.

Все народы в нашей стране живут дружно. Это — одна великая семья советских народов.

СӨЗДІК

Отечество

Отан

Союз Советских Социалистических республик
занимает шестую часть

суша
жители
спросим всех сразу
полдень
дорог, дорогой
мы богаты железом

Советтік Социалистік Республика Одағы
алтыдан бір бөлігін алып
жатыр
құрылық
тұрғын ел (халық)
барлығынан бірден сұрасақ
тал түс
қымбат, қымбатты
біз темірге баймыз

БОГАТСТВО КАЗАХСТАНА

Мы живем в Казахстане. Казахстан очень богат. В Казахстане добывают каменный уголь, медь, нефть, свинец, золото. В Казахстане есть фабрики, заводы, электростанции.

В Казахстане огромные поля, степи, луга. На полях растут пшеница, овес, рожь, ячмень, просо, кукуруза, рис, хлопок. В степях и на лугах пасутся коровы, лошади, верблюды, козы, овцы. Богат Казахстан. Богаты колхозы Казахстана.

СӨЗДІК

богатство — байлық
медь — мыс
свинец — қорғасын
нефть — мұнай

золото — алтын
огромный — өте үлкен,
өте көп
хлопок — мақта

I

ҚАЗАҚСТАН

Ертеде Қазақстан жерін алғашқы адамдар шамамен бұдан 300 мың жыл бұрын, яғни ертедегі тас дәуірінен (палеолит) бастап мекендеген.

Қаратау үңгірлері мен Балқаштың солтүстік жағалауынан жай өңделген тас құралдары бар төменгі палеолит дәуіріне тән тұрақтар табылды. Орта палеолит дәуіріндегі адамдардың тұрмысын бейнелейтін құралдар Шығыс Қазақстан облысындағы талай қонысында кездесті.

Жоғары палеолит дәуірінен бастап Қазақстан жерінде алғашқы адамдардың үздіксіз тіршілік еткені байқалады. Палеолиттің аяқ кезінде Қазақстанның табиғи

жағдайы мен климаты өзгереді. Мұздың еріп кетуі дымқыл климаттың орнына құрғақ климат орнауына себеп болды. Өзендерде су тартылып, олардың бірсыпырасы тоқтап, көлдердің тізбегіне айналды.

Флора мен фауна өзгерді. Шамамен бұдан 15—10 мың жыл бұрын қазіргі заманғы географиялық ортаға ұқсас жағдай қалыптасты. Осыған байланысты адам баласы табиғаттың даяр өніміне ие болды, сонымен палеолит дәуірі аяқталды.

Жаңа тас дәуірінде (неолит) адам садақ пен жебені ойлап тауып, қолдана бастайды. Бұл аң аулауды жеңілдетті. Қыштан түрлі ыдыс жасауды үйренді. Сөйтіп адам асты пісіріп, ішуге мүмкіндік алды.

Біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдыңтың бір мыңжылдықтың бас кезінде Қазақстан жерінде қола дәуірінің мәдениеті жаппай тарады.

Мыс пен қоладан жасалған еңбек құралдарын пайдалануға көшу, мал шаруашылығы мен егіншіліктің одан әрі дамуы қоғамдық өмірде ірі өзгеріс туғызды. Матриархат (аналық ру) орнына патриархат (аталық ру) келді.

Біздің заманымыздан бұрынғы бір мың жылдыңтың орта шеніне қарай кең даладағы тайпалардың дені көшпелі мал шаруашылығына көшті. Бұл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының ғасырлар бойы ерекшелігін белгілеп берді. Осы дәуірдегі Қазақстан тайпалары парсының сына жазу текстерінде сақтар деген жалпы атпен белгілі болса, грек авторлары оларды азиялық скифтер деп атаған.

Қазақстан территориясын біздің заманымыздан бұрынғы 7—4 ғасырда мекен еткен тайпалар, яғни сақтар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен және суармалы егіншілікпен шұғылданып, темір бұйымдарды жасауды игеріп, көршілес тайпалармен сауда және мәдени қарым-қатынас жасады. Сақтардың тайпалық одағын көсемдер басқарды. Сақ тайпаларының көне мәдениетін зерттеуде 1970 ж. Есік селосының маңынан табылған, тарихқа «алтын адам» деген атпен белгілі бола бастаған, алтын бұйымдардың маңызы ерекше.

Біздің заманымыздан бұрынғы 4—3 ғасырдың шегінде Қазақстан жерінде жаңа тайпалық одақтар пайда болды Олар: Жетісуды — Шу өзенінен Тянь-Шаньға және Балқаштан Ыстық көлге дейінгі жерлерді мекендеген үйсіндер; Қаратау аймағы мен Сырдарияның орта

ағыс алыбып жайлаған — Қаңлы; Арал теңізінің батыс жағалауынан Қаспий теңізінің солтүстік жағалауына дейінгі территорияны қоныстаған—аландар. Бұл тайпалар Қытай, Мауараннахр, Еділ бойындағы халықтар мен экономикалық саяси және мәдени байланыстар жасап тұрған. Үйсіндер мен қаңлылардың тайпалық одақтары мен мемлекетін бірлестіктері Сақ тайпаларымен салыстырғанда күрделі болды. «Ұлы жібек жолы» үйсіндердің жерін басып өтті.

II

ЕРТЕДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, таптық қоғам орнады. 6-ші ғасырдан бастап Қазақстан жерінде феодалдық қатынастар қалыптаса бастады.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда, Шу, Талас, Сырдария өңірінде неғұрлым жедел өрістеді. Бұл аймақтарда көшпелі мал шаруашылығымен бірге егіншілік дамып, қалалар салынды.

Таптық қатынастардың қалыптасуы және таптар арасында бітіспес антогонистік қайшылықтардың пайда болуы нәтижесінде Қазақстанда ертедегі феодалдық мемлекеттер орнады. 552 жылы тұңғыш феодалдық мемлекет Түрік қағандығы құрылды. 8-ші ғасырдың бас кезінде Іле мен Шу өзендерінің аралығында Түрген қағандығы, ал 766 жылы Қарлұқ қағандығы ұйымдасты.

Исериджабтан (Сайрам) Ыстық көлге дейінгі аралықта жаңа қалалар пайда болды. Бұлар қолөнер өндірісінен сауда орталығына айналды.

Тараздың (қазіргі Жамбыл) оңтүстігіне ала Атлах, Хомукет қазіргі Луговая станциясының шығысына қарай Құлан, Мерке, Шу алабында Жул мен Баласағұн, Іле алқабында Қойлық, Екіөгіз қалалары салынды. Көшпелі халықтар мен отырықшы—егінші орталықтардың халықтары арасында сауда онан әрі өрістеді. Бұл ақша айналымының өрістеуіне мүмкіндік жасады. Түркеш, Қарлұқ қағандары атымен металл ақша жасап шығарды. Феодалдық қатынастардың дамуына байланысты 8—10 ғасырда Оңтүстік Қазақстанда ислам діні тарайды. 9—11 ғасырда Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс аймақтары ертедегі феодалдық Оғыз мемлеке-

тінің құрамына енді. Орта Азия, Иран, Қытай, Қавказ, Еділ бойына апаратын керуен жолдары Оғыз мемлекетінің жерін басып өтті. Оғыз мемлекеті Русьпен байланыс орнатты.

8—10 ғасырда Қазақстанның солтүстік шығысын және орталық аймақтарын түрік тайпалары — қимақтар (қимақ мемлекеті) мен қыпшақтар мекендеді. Шығыс авторлары бұл кең аймақты Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп атаған.

Қимақтар мен қыпшақтар негізінен мал шаруашылығымен шұғылданды.

940 жылы Жетісуға Шығыс Түркістаннан Яғма деген көшпелі түрік тайпасы басып кірді. Олар Баласағұнды және басқа қалаларды, көп кешікпей бүкіл Қарлұқ қағандығын басып алды. Қарлұқ қағандығының негізінде Жетісуда феодалдық Қарахан мемлекеті орнады. 10—11 ғасырдың аяғы 11 ғасырдың бірінші жартысында Қарахан феодалдық мемлекеті құрылды. Оның құрамына Қашғария, Жетісу, Мауараннахр кіреді. Мемлекеттің басшысы Тамғачхан деп аталды. Ал көшпелі түріктер оны Хақан (қаған) деп атап кетті.

12-ші ғасырдың жылдарында қидандар (қарақытайлықтар) Жетісуға басып кірді де, Қарақан мемлекеті ыдырады. Аз уақыттың ішінде қарақытайлықтар Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды басып алды. 1137 жылы Самарқан, Бұқара, Хорезмді бағындырды. Қарақытайлықтар жергілікті халыққа ауыртпалық әкелді. Екіншілер мен көшпелі халыққа саудагерлер мен қолөнершілерге ауыр салық салынды. Жетісуда, әсіресе сауда мен қолөнер мәдениеті төмендей бастады.

12-ші ғасырдың ортасында әлсіреген Қарақытай мемлекетінен әуелі Хорезм, онан кейін Орта Азияның басқа да иеліктері бөлініп шықты. Ал Жетісуда қарақытайлықтар билігі монғол басқыншылығына дейін сақталды.

10—12 ғасырда Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті едәуір дамыды. Сәулет өнері ілгері басты. Мұны Бабаша хатун мавзолейі, Айша бибі күмбезі мен басқа да архитектуралық ескерткіштер дәлелдеп отыр. Суармалы егіншіліктің орталығы болған өзен алаптарында қалалар өсіп дамылды. Олар Сырдария бойындағы Отырар (дүниежүзілік білім мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған данышпан ойшыл энциклопедияшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби (870—

950) осы Отырардан шыққан), Сығанак, Сауран, Жент, Жанкент, Талас өңіріндегі Тараз, Созақ, Құмкент, Шу алабындағы Төрткөл, Ақтөбе, Құлан тағы басқалар. Бұл қалалар кезінде сауда және қолөнер орталығы болған.

1219—21 жылдағы монғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан Шыңғысқан империясының құрамына енді. Шыңғысхан жаулап алған байтақ жерді өз балаларына бөліп берді...

III

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қазақ хандығы 15 ғасырдың ортасы мен 18 ғасырдың басында құрылды.

Монғол шапқыншылығынан кейін қайта жандана бастаған Жетісу өлкесі қазақ тайпаларын бір жерге біріктіретін орталық болды. 15 ғасырдың аяғы 16 ғасырдың бас кезінде Жетісуда қазақ хандығы құрылды. Бұл қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуына мүмкіндік берді. Қасымханның тұсында (1511—23) қазақ хандығы нығайды, жер көлемі кеңейді, халқының саны бір млн. адамға жетті.

16 ғасырда Қазақстан феодалдық бытыраңқылық күйінде қалды. Жеке хандықтардың, сұлтан иеліктерінің арасындағы саяси және экономикалық байланыстар нашар болды. Қазақ хандығы Ұлы жүз (Жетісу), Орта жүз (Орталық Қазақстан), Кіші жүз (Батыс Қазақстан) болып бөлінді.

18 ғасырдың бас кезінде Қазақстан саяси жағынан бытыраңқы болып үш жүз арасындағы саяси және экономикалық берік байланыс орнамады.

Феодалдық өзара тартыс халыққа ауыр тиді. Қазақ шонжарлары бір-бірімен бәсекелесті, билік үшін, жайылымдық үшін және халықты қол астына көп қарату үшін күресті. Бұхар, Хиуа, Жоңғар билеушілері қазақ феодалдары арасындағы қырқысты өршітуге тырысты.

Қазақ халықтары жеке дара билік жүргізді. Сондай-ақ, қазақ халықтарының сыртқы саяси жағдайы да мәз болмады. Жоңғар хандығы Қазақстанға зор қауіп төндірді. 1723 жылы жоңғарлар Қазақстанға жойқын жорық жасады. Басқыншыларға қарсы күрес 1730 жылға дейін созылды. Қазақ халқы басынан кешірген осы ауыр шақты тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл

сұлама» деген атпен қалды. Қазақ жасақтары жоңғарларға 1728—1729 жылдары ойсырата соққы берді. Бұл күресте Әбілқайыр, Абылай сұлтандармен қатар Бөгембай, Қабанбай, Тайлақ, Саурық, Райымбек, Малай, Бақай батырлар көрнекті роль атқарды. Дегенмен күрес түпкілікті жеңіске жеткізе алмады.

IV

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РОССИЯҒА ҚОСЫЛУЫ

Қазақ билеушілерінің кейбір тобы, айталық, Әбілқайыр хан қазақтарды Жоңғарияның құлдығынан құтқарудың бірден-бір жолы Россияның қол астына қарау екенін түсініп (1726) Әбілқайыр патша үкіметінен қазақтарды Россия қарамағына алуды өтініп өз елшісін жібереді. Екінші рет өтінішті 1730 жылы тағы қайталайды.

Сөйтіп, 1731 жылы 19 февральда император Анна Ивановна Кіші жүзді Россия қол астына алу туралы грамотаға қол қойды. Ал патша үкіметі алғашқы күндерден-ақ Кіші жүзге өз ықпалын нығайту үшін күш салды. Орынбор экспедициясының қызметі мен Орынбор (қазіргі Орск) қаласының салынуы осы мүддені көздеді.

Кіші жүзден кейін Орта жүз билеушілері де Россия қол астына қарайтыны туралы ант берді (1731—40). 19-ші ғасырдың басында Ұлы жүз қазақтары Лоссия қарамағына өтуге бел байлады. Сөйтіп 19-ші ғасырдың 60-ші жылдарында Қазақстанның Россияға қосылу процесі аяқталды.

Каспий жағалауынан Алтайға дейінгі, Тобыл өзенінен Тянь-Шань тауларына дейінгі ұлан-байтақ ел Россия империясының құрамына кірді. Патша үкіметі осы кең өлкені басқару мақсатымен реформа жүргізді. Реформа орталық езгіні одан әрі күшейте түсті; Патша мен оның чиновниктері салықты көбейтті, жерді пайдалануға шек қойды. Сөйтіп патша өкіметі органдарына халық наразылық туғызды. Бұны өздерінің ел билеу артықшылығынан айрылған сұлтандар, билер мен дін басшылар өздерінің таптық мүдделері үшін пайдалануға тырысты.

1860—70 жылдары Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстауда патша өкіметіне қарсы көтеріліс басталды. Бірақ кең өріс ала алмай жеңіліске ұшырады.

Патша үкіметі Россияның ішкі губернияларында аграрлық мәселенің шиеленісуін бәсеңдету мақсатымен орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аудартты. Столыпиннің аграрлық реформасының барысында Ақмола, Торғай, Орал және Семей облыстарына 1906—12 жылдары 438 мыңнан астам шаруа қоныс аударды. Қоныс аудару қорына 17,4 млн. десятина жер кесіліп алынды. Жаңа жерлерді игеру ісін ұйымдастыру орнына патша үкіметі жергілікті халықтың бұрыннан игерілген, суару жүйелері, отырғызған ағаштары, салынған үй, қора-жайлары бар шұрайлы жерлерін зорлықпен тартып алып кулактарға, тағы басқаларға берді. Бай шонжарлар патша әкімдерінің қолдауымен көп жерлерді алып өз меншігіне айналдырды. Енді қазақ кедейлері екі жақты тонау, езгіге ұшырады.

Патша үкіметінің отаршылық саясаты қазақ халқын орыстандыруға бағытталды. Оның ұлттық экономикасы мен мәдениетін дамытуға кедергі жасады.

1916 жылы 25 июньде қазақтарды армиядағы тыл жұмысына алу туралы патша жарлығы шықты. Қазақстан бойынша 400 мыңға жуық адам жұмысқа жіберілетін болды. Осының бәрі халық наразылығын үдетті, жаппай толқу туғызды. 1916 жылғы августың басында толқулар жаппай көтерілістерге, ал көтерілістер бірте-бірте ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. Қозғалыстың жаппай күшейіп, патша әскерлеріне қарсы қарулы соғысқа ұласқан жері Торғай даласы болды. Ұлт-азаттық күреске халық батыры Амангелді Иманов басшылық етті.

VI

ҚАЗАҚ ССР

Қазақ халқы да басқа езілген халықтар сияқты патша үкіметінің және бай, шонжарлардың езгісінен Ұлы Октябрь революциясы арқасында құтылды.

Қазақстанда Совет өкіметі 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейінгі аралықта орнады.

Еңбекшілер совет мемлекетін құруға белсене қатысты. Ақмола облысы мен Бөкей даласында еңбекшілер билікке ие болды. Ақмола облысында Совет өкіметі ең алдымен 22 ноябрьде Петропавл қаласында орнады.

Уезде Совет өкіметі үшін күреске И. Дубинин, Г. Ыдырысов, Қ. Сүтішев, Я. Побелянский, П. Рыжков тағы басқа большевиктер белсене қатысты. 1918 жылы 17—20 февральда Атбасарда Советтердің уездік съезі болып өтті. Бұған Ә. Майкотов, П. Басов бастаған большевиктік ұйымның еңбекшілер арасында жүргізген түсінік, үгіт жұмыстары ықпал жасады. Бөкей ордасында Совет өкіметін орнатқандар: П. Варламов, С. Мендешев, Ш. Бекмұханбетов т. б.

Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін, ескі әкімшілік аппараттың орнына советтік мемлекеттік аппаратын құру ісі жүргізілді. Ауылдарда советтер құрыла бастады. Уездік, облыстық, советтердің съездері өткізілді. Жер туралы декреттің негізінде қазақ, орыс кедей шаруаларына ірі жер иелерінің меншігіндегі егістік және жайылымдық жер бөліп берілді.

РСФСР халық комиссарлар советінің 1918 жылғы 11 майдағы В. И. Ленин қол қойған қаулысы негізінде ірі өндіріс орындары ұлт меншігіне алынды. Сонымен бірге Қазақ Совет Автономиясын құруға әзірлік жұмысы жүргізілді.

Қазақ Совет мемлекетінің құрылуы мен дамуы В. И. Лениннің есімімен тығыз байланысты. 1919 жылы 10 июльде В. И. Ленин «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет құру туралы» Декретке қол қойды. Ревком құрамына С. С. Пестковский, Ә. Жанкелдин, С. Мендешев, Ә. Әйтиев тағы басқалары енді. 1920 жылы 30 августа Бүкіл Россиялық Орталық Атқару комитеті мен РСФСР халық Комиссарлар Советі РСФСР-дің құрамында «Автономиялы Қырғыз (қазақ) Социалистік Совет республикасын құру туралы» Декрет қабылданды. 1920 жылы 4—12 октябрьде Орынборда Қазақ АССР-і Советтерінің құрылтай жиналысы өтті. Съезд Қазақ АССР-інің Орталық Атқару комитетін сайлады. Оның құрамына С. Мендешев (председатель), В. А. Рауус—Зенькович, Ә. Жанкелдин, С. Сейфуллин тағы басқалары болды. Қазақ АССР-інің құрылуы орасан зор тарихи оқиға болды. Ұлы Октябрь Социалистік революциясы арқасында қазақ халқы өзінің ұлттық советтік мемлекеттік құрды.

СССР Конституциясына сәйкес 1936 жылы Қазақ АССР Одақтық республика болып қайта құрылды. Қазақ Советтерінің Төтенше 10 съезі 1937 жылы мартта Қазақ ССР Конституциясы қабылданды.

Қазақстан — СССР құрамындағы одақтас республикалардың бірі. СССР-дің Азиялық бөлігінің оңтүстік-батысында орналасқан, солтүстігінде РСФСР-мен, оңтүстігінде Түрікмен ССР-мен, Өзбек ССР-мен және Қырғыз ССР-мен, шығысында Қытаймен шектеседі, батысында Каспий теңізі; Қазақстан жер көлемі жағынан РСФСР-ден кейінгі екінші, халқының саны РСФСР мен Украинадан кейінгі үшінші одақтас республика. Астанасы — Алматы. Әкімшілік жағынан 19 облыс, 210 ауданы, 82 қаласы және 77 поселкесі бар.

СӨЗДІК

алғашқы — первые
аяқ кезінде — в конце
аң аула(у) — охотиться
ас — пища
атпен белгілі — известный под названием
алабы — (его) русло
аймақ — территория
элеуметтік — социальный
бейнелеу — изображать
байқа(у) — заметить
біздің заманымыздан бұрын — до нашей эры
бұйым — вещь
батыс жағалауы — западный берег
белгілеп бер(у) — определить
жағалау — берег
жебе — стрела
жаппай — повсеместно
жағдай — положение
жайлаған — жившие
жерін басып өт(у) — проходить через землю
дәуір — век
дымқыл — влажный
даяр — готовый
жеңілдету — облегчить
ертеде — давно

еріп кет(у) — растаять
еңбек құралы — орудие труда
ерекшелік — отличие
егіншілік — земледелие
ерекше — особенный, особенно
зерттеуде — в изучении
ие болу — овладеть, стать хозяином
игеру — освоить
ірі — крупный
құрал — орудие
қоныс — стоянка
құрғақ — сухой
қолдана баста(у) — применять
қалыптас(у) — установиться
қыш — глина
қола — бронза
көшпелі — кочевой
көш(у) — перейти
көршілес — соседний
көсем — вождь
көне — древний
күрделі — сложный
қарым-қатынас жасау — общаться
кен дала — безлюдная степь

мекенде(у) — жить, обитать
мұз — лед
мүмкіндік алу — получить возможность
мыс — медь
мал шаруашылығы — скотоводство
мемлекеттік бірлестіктері — государственное объединение
мәдениет — культура
маңызы — значение
өңделген — обработанный
өзгер(у) — измениться
өнім — продукция
ойлап тауып — придумав
өңде(у) — обрабатывать
өзгеріс — изменение
орта — средний
пайда бол(у) — появиться
ру — род
себеп бол(у) — стать причиной
су тартыл(у) — высухать
солтүстік — север
садақ — лук
суармалы — орошаемый
сауда — торговля

салыстырғанда — по сравнению
географиялық орта — географическая среда
төменгі — нижний
тұрақ — жилище
табылды — найден
тұрмыс — жизнь
тіршілік ету — жить
табиғи жағдай — природные условия
тізбек — единица
тоқтам көлдер — стоячие озера
тара(у) — распространяться
тайпалар — племена
үңгір — пещера
үйрен(у) — научиться
ұқсас — похожий
«ұлы жібек жолы» — великий шелковый путь
пісіру — варить
шамамен — приблизительно
шұғылдан(у) — заниматься, увлекаться
үздіксіз — непрерывно
дамуының — развитие

СӨЗДІК

II

алғашқы қауымдық құрылыс — первобытно-общинный строй
ақша айналымы — денежный оборот
апаратын — ведущий
алап — долина
әлсіреген — ослабившийся

ауыртпалық — трудность
атаған — называли
бітіспес — непримиримый
бұйым — вещь
басып кіру — захватить
бағындыру — подчинить
бөлініп шықты — отделились
билігі — (его) правление

байтақ жер — обширная земля
бөліп беру — разделить, раздать
даму — развиваться
дін — религия
дәлелдеп отыр — доказывает
дүниежүзілік — всемирный
данышпан ойшыл — великий мыслитель
жергілікті — местный
жаулап алған — завоеванный
игеру — усвоить, освоить
иеліктер — хозяйства
ілгері бас(у) — делить успехи, продвигаться вперед
ыдырату — распадаться
едәуір — namного
ескерткіш — памятник
қоғам — общество
қалыптаса баста(у) — стал формироваться
қайшылық — противоречие
қолөнер — ремесло
қаған атымен — под именем каган

құрамына ену — войти в состав
керуен — караван
көп кешікпей — вскоре
кейінгі — после
нәтижесінде — в результате
негізінде — в основном
монғол басқыншылығына дейін — до монгольского завоевания
өңір — окрестность
өрісте(у) — развиваться, расти
отырықшы — оседлый
орнат(у) — основать, укрепить
орна(у) — обосноваться, образоваться
